

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АЛҒЫС АЙТУ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Сіздерді Алғыс айту күнімен құттықтаймын!

Бұл – береке-бірлігімізді бекемдей түсетін мереке. Осы күні еліміздің азаматтары бір-біріне ерекше ілтипат көрсетіп, ризашылығын білдіреді. Сондай-ақ татулық, ынтымақ, достық сынды қастерлі құндылықтар жан-жақты дәріптеледі. Мұның бәрі ұлтты ұйыстырудың ұтымды жолы екені сөзсіз. Халқымыздың уақыт сынынан өткен жанашырлық, қамқорлық, мейірімділік сияқты асыл қасиеттері, әсіресе қиын-қыстау кездерде айқын көрінеді.

Бүгінде мемлекетімізде ауқымды өзгерістер болып, Әділетті Қазақстанды құру жолында нақты қадамдар жасалып жатыр. Осындай сындарлы сәтте елдік мүддені бәрінен биік қойып, ырыс-ынтымағымызды сақтау өте маңызды. Біз озық ойлы ұлт ретінде көздеген барлық биік мақсаттарға қол жеткізетінімізге кәміл сенемін. Осы орайда тынымсыз тер төгіп, Қазақстанды көркейтуге өз үлесін қосып жүрген азаматтарға алғыс айтамын. Баршаңызға бақ-береке және мол игілік тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

№26
(4614)
Сенбі
2 наурыз
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ



ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БАСТАЛДЫ


2024 жылдың 1 наурызында Қазақстанда көктемгі әскерге шақыру науқаны басталды.

«Қарулы Күштер мен әскери құрылымдардың қатарын әскерге шақырудан кейінге қалдыруға немесе босатуға негіз жоқ 18 бен 27 жас аралығындағы 20 мыңнан астам мерзімді әскери қызметші толықтырады. Осылайша, Қарулы Күштерге 9 мыңнан астам, Ұлттық ұланға 6 мыңнан астам, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне 3 мыңға жуық, Төтенше жағдайлар министрлігіне 300-ден астам және Мемлекеттік күзет қызметіне 300-ге жуық әскер қатарына шақырылады» деп мәлім етті Қазақстан Қарулы Күштері Бас штабы Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті бастығының орынбасары Азамат Досымов.

Көктемгі әскерге шақыру науқаны 30 маусымға дейін жалғасады.


АЛҒЫС – ЖҮРЕК АМАНАТЫ

«Қазақтың ұлы даласы мен халқына, сталиндік қуғын-сүргіннің қиын жылдарында бізді кеудемізден итермей, достық қолын созғаны үшін рақмет деп айтудан жалықпаймыз. Біз қазақ халқының мейірімділігі мен жомарттығын ешқашан ұмытпаймыз. Сондай-ақ мұны келешек ұрпақтарымызға да айтып отырамыз» дейді Алғыс айту күні ет жүрегі елжіреген, бүгінгі таңда 87 жасқа толып отырған «Вайнах» шешен-ингуш этнобірлестігінің төрағасы Салман Героев.



ҚАРЛЫҒАШ ҚАЛАҒА НЕГЕ КЕЛМЕЙДІ?

7-БЕТ | БІЛІМ



Футболдан 2024 жылғы Қазақстан чемпионаты басталды. Биыл Премьер-лигада 13 команда ойнайды.

Бір айтарлығы, ұлттық чемпионаттың шымылдығын астаналық командалар ашты. Еліміздің 6 дүркін чемпионы «Астана» мен өткен жылы бірінші лигада үшінші орын алып жоғары дивизионға өткен «Жеңіс» командасы өзара жеңімпазды анықтады. Алматыда өткен маусымашар ойында «Астана» 2:0 есебімен жеңіске жетті. Бірінші турдың екінші ойынында «Қайсар» мен «Ақтөбе» кездесті.

ЖАҢА УАҚЫТ КЕСТЕСІМЕН ЖӨНЕЛТІЛЕДІ

1 наурыздан бастап жолға шығатын жолаушыларға әуе компаниялары мен «Қазақстан теміржолы» таратқан ақпаратқа назар аудару ұсынылады.

«2024 жылғы 29 ақпаннан 1 наурызға қараған түні (сағат 00:00-де) жергілікті уақыт Астана, Алматы және Шымкент қалаларында, Абай, Жетісу, Ұлытау, Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында 1 сағатқа кері ауыстырылды. Осыған байланысты Көлік министрлігі авиациялық және теміржол әкімшіліктерімен, тасымалдаушылармен, әуежайлармен және вокзалдармен бірлесіп барлық қажетті дайындық жұмыстарын жүргізді.

1 наурыздан бастап барлық жолаушылар пойызы бір уақыт белдеуімен жөнелтіледі. Жолаушылар пойыздары туралы анықтамалық ақпаратты «1433» нөмірі немесе @ktzh_pp_bot Telegram боты арқылы тегін алуға болады.

Авиакөлік компаниялар авиабилеттерді сату жүйелеріне өзгерістер енгізіп, ресми сайттарда және авиакөлік компаниялардың әлеуметтік желілердегі парақшаларында барлық қажетті ақпараттық қолдау көрсетіліп жатыр» делінген ресми хабарламада.

Жаңа уақыт белдеуі енгізілуіне байланысты «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ жанында +7 7172 79 82 14, +7 7172 79 82 13 нөмірлері бойынша «жедел желі» ашылған. Рейс туралы ақпаратты нақтылау үшін әуежайлардың анықтамалық қызметтеріне, әуе компаниялардың байланыс орталықтарына хабарласуға болады: Air Astana – +7 7272 44 44 77, +7 7172 58 44 77, +7 702 702 44 77; FlyArystan – +7 7273 31 10 10 (WhatsApp +7 702 702 0227); SCAT – +7 7252 99 88 80; Qazaq Air – +7 7273 56 14 14.




ӨЗГЕНІКІН ТҰТЫНҒАН ЕЛ ӨСПЕЙДІ

8-БЕТ | САРАПТАМА

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 486.64 \$ USD/KZT 449.88 ₪ RUB/KZT 4.83 ¥ CNY/KZT 62.5

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Мемлекет басшысына Мәжілістің қазіргі заң шығару қызметі туралы баяндалды. Ерлан Қошановтың айтуынша, жоспарланған өзгерістерді заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекет басшысының жүктеген барлық міндеті тиісті деңгейде және уақытылы орындалып жатыр.

Мәселен, соңғы екі айда ғана Мәжіліс 18 заң қабылдап, Сенаттың қарауына жіберген. Атап айтқанда, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл, цифрландыру, ғылым, бизнес жүргізу, медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін сақтандыру, трансферттік баға белгілеу, халықтың көші-қон мәселелері секілді құқықтық нормаларға түзетулер енгізілген.

Қазіргі уақытта Президенттің тапсырмасын орындау үшін депутаттар Бюджет, Су, Құрылыс кодекстері, сондай-ақ бірқатар маңызды заң жобалары бойынша бір мезетте жұмыс жүргізуде.

Енгізілген әрбір жаңа өзгерісті сарапшылар мен жұртшылық кең көлемде талқылайды, палатаның барлық іс-шарасына бұқаралық ақпарат құралдары мен мүдделі үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кедергісіз қатыса алады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына Аппатат партиясының жұмысы туралы мәлімет берілді. Кездесуде азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған Президенттің бастамаларын іске асыру шеңберінде әзірленген партияның «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Қарызсыз қоғам» жобаларына ерекше назар аударылды.

Барлық жоба халықтың нақты мәселелерін шешуді көздейді және оларды қоғам қызу қолдап отыр. Мәселен, «Жер аманаты» жобасы аясында екі жыл ішінде 10 миллион гектардан астам жер мемлекетке қайтарылды. Қаңтар-ақпан айларында «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша 15 мың адам қаржылық сауаттылықты арттыру курсынан өтті. Жыл соңына дейін тағы да 750 мың азаматты оқыту жоспарланып отыр. Сонымен қатар Президентке депутаттардың парламенттік дипломатия бағытындағы қызметі туралы ақпарат берілді.

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНА ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Президентке еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайы және экономиканың өсімін қамтамасыз ету жоспары туралы баяндалды.

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысына отандық тауар өндірушілерді қолдауды күшейту үшін қабылданып жатқан іс-шаралар жайында мәлімет берді. Қазақстандық өнімдердің үлесін арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың, жер қой-

науын пайдаланушылар мен квазимемлекеттік сектордың сатып алу рәсімдерін жетілдіру жұмыстары басталды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өнеркәсіптің перспективті салаларын қарқынды түрде дамытуға ерекше назар аударылып жатыр. Сонымен

қатар Президентке Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысы туралы мәлімет берді. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Биыл қыркүйек айында Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов Қатар мемлекетінің астанасы Доха қаласына іссапармен барды.

Қатар мемлекеті ат федерациясының бас хатшысы шейх Ахмед бен Нух Әл Тәнимен және Басқарушы директоры Мұхаммед Ахмед Мұхаммедпен кездесіп, екі елдің ат федерациялары арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады. Бұл туралы Е.Каналимов әлеуметтік

желідегі парақшасында жазды. «Доха қаласында орналасқан әлемге әйгілі «Racing and Equestrian Club» ат спорты клубын құруға атсалысқан сарапшы, білікті маман М.Сами Жасим әл-Боенан ат жарысы өтетін инфрақұрылыммен жеке таныстырып, ветеринария мәселелері мен ипподромдарға

қызмет көрсету әдістері бойынша кең ақпарат берді. Сапарының нәтижесі бойынша қатарлық тарап бұл бағытта бірлесіп жұмыс істеуге, еліміздің ат спорты инфрақұрылымын дамыту үшін консультациялық көмек көрсетуге әзірлігін білдірді» деп жазды мәслихат төрағасы.

ТҰРАН ДАҢҒЫЛЫ НЕГЕ ЖАБЫЛДЫ?

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Тұран даңғылындағы магистральды кәріз коллекторының құрылысы аса маңызды екенін түсіндіріп, әлеуметтік желіде жазба жариялады. «Өздеріңіз білетіндей, 21 ақпаннан бастап Тұран даңғылындағы (Орынбор мен Бағланова көшелерінің арасы) учаскенің бір бөлігін уақытша жаптық. Қазір мұнда магистральды кәріз коллекторының құрылысы бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.



Бұл нысанның қалаға қаншалықты маңызды екенін қысқаша айтып өтейін. Қазіргі уақытта қаланың Есілдің сол жағалауындағы бөлігінің нысандары шаруашылықта және тұрмыста қолданатын су Мәңгілік ел даңғылы, Керей Жәнібек хандар көшесі және Тұран даңғылы арқылы өтетін магистральды коллектордың көмегімен ағзылады. Коллектор 16 жыл бұрын салынған. Оның ұзындығы – 6 шақырым» деп жазды Ж.Қасымбек.

Қала басшысы елорданың

қарыштап дамып, ағынды судың көлемі ұлғайғанын атап айтты. Ал коллектор өз мүмкіндігінің шегінде ғана жұмыс істейді. Коллекторға түсетін жүктеменің артуына байланысты оның жұмысында іркілістер болады, ал апаттық және қалпына келтіру жұмыстары күткен нәтижені бермей отыр. Елорданың дәл осы ауданында ағынды суды ағызудың өзге жолы жоқ. Ал қолданыстағы құбырды одан әрі пайдаланудың салдарынан ағынды су жер бетіне көтеріліп, бірқатар көшені басып қалуы

мүмкін. Сол сияқты техногендік, экологиялық сипаттағы жағымсыз салдарға әкеуі мүмкін.

«Шаруашылық-тұрмыстық суды ағызудың үшін арнайы жоба әзірледік және осы айда Тұран даңғылындағы магистральды кәріз коллекторының құрылысын бастадық. Оның ұзындығы – шамамен 8 км. Аяқталу мерзімі – 9 наурыз. Құрылыс қарқынын жылдамдату және мерзімінен бұрын жол қозғалысын қамтамасыз етуді тапсырдым» деп жазады Жеңіс Қасымбек.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2024 жылы 7 наурызда сағат 11.00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

- «Астана қаласының 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 113/15-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
- Астана қаласындағы көші-қон процестерін реттеу қағидаларын бекіту туралы.
- Астана қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығаруының 35 жылдығына орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы.
- «Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы № 84/10-VIII

шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

5. Астана қаласының мәслихаты шешімінің күші жойылды деп тану туралы.

6. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы және мүшелерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту туралы.

7. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы.

8. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

А.СМАҒҰЛОВ,
Астана қаласы
мәслихаты төрағасының
міндетін атқарушы

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Әлем елдері дүниежүзілік ілтипат күнін атап өтеді.

Әлем елдерінде де Алғыс айту күні халықаралық мәртебесі болмаса да, өткен ғасырлардан бері арнайы тойланады. Мысалы, АҚШ және Канада халықтары Алғыс, Рақмет айту күнін қараша айының әрбір төртінші бейсенбісінде атап өтетін көрінеді. Ал бүгін – әлем елдерінің бір-біріне жылы сөз айтатын, Дүниежүзілік ілтипат күні. Бұл күнді 2001 жылы Нидерланд қоғам қайраткері Ханс Портвлит енгізген.



«Ақырзаман мұздығы» ерте еріп жатыр.

Ғалымдар әлемдегі ең ірі мұздықтың еріп жатқанын анықтады. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Флорида аумағымен шамалас алып мұз осыдан 80 жыл бұрын кішірейе бастапты. Оған 1939-1942 жылы Антарктиканың батысында болған Эль-Ниньо әсері етсе керек. Айта өтейік, Антарктидадағы мұздық толығымен ерісе, әлемде хаос болуы мүмкін. Себебі мұхит деңгейі 3 метрге дейін көтеріледі деген болжам бар.



Кореяда дәрігерлер шеруі басылмай тұр.

Оңтүстік Корея президенті Юн Сок Ёль дәрігерлердің жаппай наразылығына қарамастан денсаулық сақтау саласындағы реформалардан бас тартпайтынын мәлімдеді. Өткен аптадан бері 9 мыңнан астам ординатор мен интерн жұмыстан шыққан немесе ереуілге байланысты келмеген. Жалпы Оңтүстік Кореяда жан басына шаққанда дәрігер жетіспейді. Шерушілер медициналық мамандықта оқитын студенттер үшін квота көлемін 2 есе арттыруды талап етуде.

ҚАМҚОРЛЫҚ ҚҰШАҒЫНДА

Астаналық құтқарушылар дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күнін атап өтті.

Мереке аясында елордалық Төтенше жағдайлар департаменті Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда құтқарушылар мен қала мектептерінің оқушыларының қатысуымен салтанатты іс-шара өткізіп, оқушыларға өрт сөндіру-құтқару техникасы мен жабдықтарын көрсетті.

Іс-шара аясында мерекелік концерт ұйымдастырылып, өрт сөндіру және адамдарды құтқару кезінде көзге түскен ТЖД қызметкерлерін, сондай-ақ Қазақстанның азаматтық қорғанысына арналған үздік сурет байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

– 1 наурызда әлемнің 60-тан астам елі, соның ішінде Қазақстан дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күнін атап өтуде. Дәстүр бойынша, ол жыл сайын әртүрлі ұрандармен өткізіледі. Биыл дүниежүзілік атаулы күннің ұраны: «Азаматтық қорғаныс қызметіндегі инновациялық технологиялар» деп



аталды. Бұл кездейсоқ емес. Қазіргідей климаттың жаһандық жылынуы, техногендік апаттар санының артуы жағдайында заманауи инновациялық технологияларды енгізу күмән тудыр-

майды. Бұл ретте дрондар, спутниктер, роботтар және автономды көліктердің алар орны ерекше. Сондай-ақ модельдеу технологиялары, компьютерлік технологиялар, интернет және әлеуметтік желілердің белсенді дамып келе жатқанын айрықша атап өткім келеді. Біздің министрлікте 120 дрон, 30-дан астам тікұшақ, 70-ке жуық сейсмостанция, 31 серпінді мореналық көлдердің мониторинг жүйесі бар. Жыл сайын автопарк, өрт-құтқару техникасы мен жабдықтары жаңартылып отырады, – деді ҚР ТЖМ Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті төрағасының орынбасары Алексей Советов.

Оның айтуынша, республиканың барлық өңірлерінде, соның ішінде Астанада азаматтық қорғаныс айлығы басталады, оның мақсаты – қазақстандықтарды экстремалды жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйрету, сондай-ақ халық қауіпсіздігінің жалпы мәдениетін арттыру.

Максим УДОД



АНАЛАР СИМПОЗИУМЫ ӨТТІ

Елордада әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында «Аналар» мектебінің ұйымдастыруымен «DANA ANA – ALTYN BALA» атты қалалық аналар симпозиумы өтті.

Райхан
РАХМЕТОВА



Қалалық симпозиумға көпбалалы аналар, Астана қаласы мектептері оқушыларының аналары, еңбек ардагерлері, қоғам қайраткерлері және ардақты әжелер қатысты. Аталған оқушылар сарайындағы «Аналар» мектебінің төрайымы Ардақ Игенова, ақын, жазушы Ғалия Құсайынқызы өздерінің өмірлік тәжірибесін қатысушылармен бөлісті. Симпозиум барысында жас ұрпақтың бойына саналы тәрбие сіңіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отбасының беріктігі мен берекесін арттыру бағытында рухани әңгіме өрбіді.

– Бүгін іс-шарамызға келген аналардың бәрінің балалары осы оқушылар сарайындағы үйірмелерге қатысады. Мен де солардың бірімін. Немере-

лерімді жетектеп әкеп жүріп, сарай әкімшілігінің қолдауымен 2020 жылы осы Аналар мектебін құрдық. Келешек ұрпақты тәрбиелеу, жас аналарға ақыл-кеңесімзді айтып, қамқоршылық таныту, аналық, әжелік үлгі-өнегемізді көрсету – басты мақсатымыз. Біздің мектеп аналары әр мерекеде өзінің концертін қояды, ата-аналар мен ұстаздар арасындағы кейбір мәселелерді шешуге көмектеседі, – дейді «Аналар» мектебінің төрайымы Ардақ Игенова.

Оқушылар сарайының әдістемелік бөлім меңгерушісі Қымбат Мұқанқызының айтуынша, Аналар мектебінің жиындарын бұған дейін дөңгелек үстел, форум түрінде өткізген, ал симпозиум түрінде алғаш рет ұйымдастырып отыр.

– Қатысушылар ойын қағазға қарап айтпай, сол сәтте еркін форматта сөйлеуіне мүмкіндік бердік. Жалпы Аналар мектебі құрамында елордадағы 250-ге жуық ана бар, солардың ішінде 56 ана бүгін осы іс-шараға қатысты. Көбіне қаланың шет аймақтарындағы мектептердің оқушыларының аналарын шақырдық. Аналар мектебінің қызметі – қоғамдық жұмыс, бұған сондықтан қоғамда белсенді аналар жиі келеді, – дейді бөлім меңгерушісі.

Симпозиумының соңында аналарға оқушылар сарайындағы балалардың өз қолымен жасаған бұйымдары естелікке сыйлыққа берілді және Алматы ауданы әкімдігінің атынан гүл шоқтары табыс етілді.

Қытай биыл ғарышқа жүзден астам зымыран ұшырады.

Қытай биыл ғарышқа 100-ге жуық зымыран ұшырып, орбитаға 300-ден астам аппаратын жеткізбек. Көрші ел үшін бұл рекордтық көрсеткіш болғалы тұр. Былтыр Қытай ғарышқа 67 рет жерсерік ұшырған еді. Бұдан бөлек, ел билігі 2024 жылы Вэньчан қаласындағы коммерциялық ғарыш айлағының құрылысын аяқтауды көздеп отыр. Жоспар бойынша ол жақтан екисатылы зымырандар көкке көтеріледі.



Жыл сайын әлемде 1 млрд-тан астам сағат жасалады.

Жаңа уақыт белдеуі деп жатырмыз ғой. Жалпы осы уақыт дегенде сағат еске түседі. Жыл сайын әлемде 1 миллиардтан астам сағат жасалады екен. Сағат жасаудан Швейцария озып тұр. Жылына 30 миллион сағат өндіреді. Ал алғаш рет әлем бойынша уақытты бір жүйеге келтіріп, сағат бойынша жүруге мысырлықтар дағдыланған.

Жақында орталық коммуникациялар қызметі орталығында өткен брифингте Астана соттары жанындағы татуластыру орталығының үйлестірушісі Лейла Зинашева сотта және сотқа дейінгі бітімгершілік рәсімдерінің қалай жүзеге асырылып жатқанын айтты.

АРАЗДАСҚАНДЫ ТАТУЛАСТЫРАДЫ

Заң татуластыру рәсімдерінің үш түрін белгілейді: бітімгершілік келісім, медиация тәртібімен дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім, партисипативтік рәсім тәртібімен дауды реттеу туралы келісім.

2019 жылдың 11 маусымында құрылған елордадағы татуластыру орталығы Астана қаласы соты мен Астана қаласы әкімдігінің әлеуметтік жобасы болып саналады. Онда соттан тыс және сотта татуласуды дамыту тұжырымдамасы қарастырылған. «Соттан тыс тұжырымдаманы

2024 жылдың 2 айындағы статистика өтініштердің өскенін көрсетіп отыр. Жыл басынан бері 1800-ге жуық өтініш түссе, олардың 1000-нан астамына рұқсат берілген.

Айта кету керек, өткен жылы 2953 өтініш коллекторлық компаниялар, микроқаржы ұйымдары алдындағы азаматтардың берешегі мәселелері бойынша оң шешіммен аяқталды.

Отбасылық даулар бойынша 3338 келісім жасалып, олар көмелетке толмағандардың істері жөніндегі сотта қаралмаған (бұл ата-аналардың



дамыту дауларды сотқа жүгінбей шешу болып саналады, яғни елорда тұрғындары психологтың кеңесін алу үшін татуласу орталығына жүгіне алады. Келісімді тегін негізде жасай отырып, дауды медиация тәртібімен реттей алады. Соттағы тұжырымдаманың ерекшелігі медиатордың сот ісін жүргізудегі істер бойынша тегін негізде қызмет көрсетуі болып саналады» деп түсіндірді спикер.

Егер статистикалық деректерге жүгінетін болсақ, орталыққа 2019 жылдан бастап 2023 жылға дейін барлығы 30 000-нан астам өтініш түскен.

алименттік міндеттемелері бойынша даулар, балалардың тұрғылықты жері, мүлікті бөлу, балалардың тұрғылықты жерін анықтау), сондай-ақ өткен жылы тұжырымдама бойынша сотта 740 ерлі-зайыпты татуласқан. Психологтың тегін көмегі 374 азаматқа көрсетілген. Сондай-ақ ерлі-зайыптылар психолог сессияларына қатыса алады. Елорданың әрбір сотында татуласу орталықтары жұмыс істейді, бұл ретте соттан тыс тұжырымдама бойынша жұмыс істейтін Орталық кеңсе Жүмекен Нәжімеденов көшесі, 10/2 мекенжайында орналасқан.

МҮГЕДЕКТЕР МҮДДЕСІ ҚОРҒАЛАДЫ

Астанадағы Достық үйінде мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қорғауға байланысты дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға Астана қаласы бойынша Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілі Баян Жалмағанбетова, Мәжіліс депутаты Нұрлан Әуесбаев, Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев, Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Мәлік, қалалық Қоғамдық бақылау комиссиясының төрағасы Марат Сатарқұлов және басқа да сала мамандары қатысты.

«2023 жылы мүгедектердің құқықтарын бұзу туралы 15 өтініш қаралды. Оның ішінде медициналық қызмет көрсетудің сапасына қатысты 9 өтініш, мүгедек баланы арнайы мектеп-интернатқа қабылдау туралы 1 өтініш, тұрғын үй алу проблемаларына қатысты 3 өтініш түскен. Биыл елордада қаңтар айында 49 өтініш келіп түсті. Оның ішінде инватакси, мүгедек жандардың тұрғын үй ала алмауы, атаулы әлеуметтік көмекке және т.б. қатысты шағымдар бар» деді Баян Жалмағанбетова.

Отырыс барысында жұмыспен

қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Мәлік бүгінгі таңда Астанада 34 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұратынын атап өтті.

Сондай-ақ «Парламентте екінші сессия жұмысының басынан бастап «Инклюзивті парламент» депутаттық тобы құрылды. Оған Мәжіліс депутаты Ерлан Әбдиев басшылық етуде.

«Мемлекет мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны нормаларын іске асыру бойынша үлкен жүйелі жұмыс жүргізуде. Парламент жыл сайын депутаттардың қатысуымен мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған заңдар қабылдауда. Инклюзия сапасын бақылау және жалпы мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында «Инклюзивті парламент» депутаттық тобы құрылды. Бұл – ел Парламенті тарихындағы бірінші жағдай» деді Мәжіліс депутаты Нұрлан Әуесбаев.

№26 (4614) 02/03/2024 Сенбі

Кеңес дәуірінің солақай саясатының құрбаны болып, тағдырдың ауыр талкегімен Қазақстан жеріне жер аударылған түрлі этнос өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен құшағын жайып, жүрек жылуын сыйлаған, шаңырағының астынан орын беріп, бір үзім наныммен, қолында барымен бөлскен қазақ халқына деген үлкен құрметінің белгісі.

Жалпы ерте заманнан қазақтардың есігі айқара ашық, құдайы қонақты төріне отырғызып сыйлайтын дәстүрі қанына да, дініне де сіңіп кеткен халық. Сонау дүрбелең жылдарда, қара түнек қаптаған кезеңде Қазақстан жеріне жер аударылған корей, неміс, шешен, ингуш, балқар, грек, курд және де басқа ұлттар өкілдерінің бүгінгі күнге дейін алғыс айтуы, бауырындай жақсы көруі – соның айғағы.

Қазақтың осындай жылулығын көрген барлық ұлттардың көкейінде және ойында жүреді десем артық айтпаған болармын.

Соның мысалын, осы атаулы Алғыс күні айтуға көңіл бөлдіді.

Кейінгі жылдарда бұл мереке жалпы елімізде өмір сүріп жатқан барлық этностардың бір-біріне деген мейрімділік, ынтымақтастық, татулық пен бірліктің мерекесіне айналды. Менің досым, Парламенттің 5 және 6 шақырылымында бірге депутат болған, қазіргі кезде Ұлттық құрылтайдың мүшесі Ахмет Мұрадов осыдан бес жылдай бұрын жоғарыда айтылғандай, тағдыр қыспағына түсіп, осыдан 80 жыл бұрын жүк вагонына тиеліп, Қазақстанға еріксіз қоныс аударылған шешен отбасының ұрпағы Могамед Эльжуркаевпен таныстырды.

Бұл азамат қазіргі кезде бүкіл әлемге белгілі «Волгоградхиммаш» зауытының бас директоры болып қызмет істейді екен. Таныстығымыз достыққа айналып, жақсы қарым-қатынаста болдық. Могамед досым кездескен сайын өзінің атасы Әли мен әжесі Бесиртті 1944 жылғы ақпанның қақаған аязында шеттей бес баласымен Семей станциясынан түсіріп кеткендігін, оларды қазақ ағайындардың өз қамқорлығына алғандығы және жергілікті халықтың қонақжайлы болғандығы, өздері де жоқшылықтың тауқыметін көріп жүрсе де барымен бөлісіп, репрессияға түсіп келген басқа ұлттың өкілдерінің тірі қалып, ұрпағының құрып кетпеуіне жасаған жақсылықтарын тебіреніп отырып айтатын. Шешен және ингуш халқы Жоғарғы Кеңестің шешімімен 1957 жылы ақталып, автономиялық республика құрылып, Могамедтің әкесі Хамад және анасы Кока 1958 жылы еліне оралады. Могамед Хамадұлы 1961 жылы Шешенстан-



АТА АМАНАТЫ

Елімізде 1 наурыз – «Алғыс айту күні» сегіз жылдан бері мемлекеттік деңгейде атап өтілуде. Бұл мереке, ең алдымен, елімізде тыныштық пен ауызбірлік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуын нығайта түсетін атаулы күн.

да дүниеге келсе де, бала кезінен, ата мен анасының қазақтардың ақ пейілді, кең дастарханды, дархан халық екендігі туралы айтқан көптеген жақсы әңгімелерін тілге тиек етеді.

Сонымен қатар Хамад ата балаларына кішкентай кезінен айтады екен: «ер жетіп, азамат болғанда қолдарыңнан келсе, Қазақстанға жақсылық жасаңдар, өйткені біз ол халыққа қарыздармыз» деп. Могамед Хамадұлы әкенің берген аманатын орындау мақсатында Павлодар облысының аумағынан өнеркәсіп қауіпсіздігін сақтау мақсатында сараптама жүргізетін және өнеркәсіпке сериялы жабдық,

стандартты емес жабдықтарды шығаратын зауытты өз қаражатына салып, 2022 жылғы 25-мамырда іске қосты. Могамед Эльжуркаев басқаратын «Волгоградхиммаш» мекемесі еліміздің басқа да мұнай, газ өңдеу зауыттарының тапсырыстарымен тиісті бөлшектер мен жабдықтар дайындайтын серіктес болып табылады.

Әрбір адамның тағдыры – мұхиттың тұнығы сияқты терең де, алуан түрлі, жатқан үлкен дастан. Сол сияқты менің досым Могамед Хамадұлының ата-әжесінің, өкесінің бастарынан өткізген өмірлері – жүрек тебірететін, өз алдына бөлек те, үлкен тарих.

Қиын-қыстау дәуірде, тар жол, тайғақ кешу заманында демеу болып, ұрпағы жоқ болып кетуге таяу қалған шаңыраққа қол ұшын берген елді, жерді ұмытпай балаларына қазақ халқының қандай екендігін құлақтарына салып, жүректеріне жеткізіп кеткен Эльжуркаев әулетіне біздің де алғысымыз шексіз.

Бүгінгі айтулы күні миллиондаған адамдардың бір-біріне деген алғыстары қабыл болсын! Тәуелсіз еліміздің көк туы биіктеп, желбірей берсін, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ерсұлтан БЕКТҮРҒАНОВ,
қоғам қайраткері



ЫСТЫҚ ШАЙ МЕН ТӘТТІЛЕР ТАРАТЫЛДЫ

Алғыс айту күнінде «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтерлері елордалықтарға тәттілер мен шай таратты.



Астанада көктемнің алғашқы күні тамаша үрдіспен басталды. Қалалықтар көп шоғырланатын «Астаналық базар» маңында волонтерлер тұрғындарға

шоколад үлестіріп, жадыраңқы көңіл-күй сыйлады.

– Атаулы күнге орай астаналықтарға алғысымызды айтып, жылы лебізімізді

білдіру үшін осы жерге келдік. Іс-шараны ұйымдастырушы Астана әкімдігі жанындағы «Астана жастары» ресурстық орталығының белсенділері және Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік қызметшілері қала тұрғындарына тәттілер үлестіріп, бүгінгі мерекені құттықтады, – деді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы департаменті бойынша бас маманы Әбдіқахар Сламқұл.

Сондай-ақ үнемі игі істердің басы-қасында жүретін «Астана жастары» ресурстық орталығының белсенділері де бүгінгі іс-шараға орай өз лебіздерін білдірді.

– Біз бұған дейін «Игі істер марафоны» аясында қар тазалауға көмектесіп, коммуналдық қызметкерлерге ыстық шай мен бауырсақ таратқан болатынбыз. Бүгін, міне, астаналықтарға шоколад ұсынудамыз. Осындай шуақты күнде әрбір тұрғынның жүзінен риясыз күлкіні көру бізге де қуаныш сыйлайды, – деді волонтер Рауан Қодаров.

Сондай-ақ Сарыарқа ауданы әкімдігі волонтерлермен бірлесіп коммуналдық қызмет жұмысшыларын Алғыс айту күнімен құттықтап, ыстық шай мен бауырсақ таратты.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

Елордадағы мамандандырылған балалар үйінде «Ғажайып көктем» мерекелік ертеңгілігі өткізілді.

«ҒАЖАЙЫП КӨКТЕМ»

Іс-шараға қала әкімдігі мен қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері, елордалық балалар үйінің тәрбиеленушілері және мекеме де-меушілері мен меценаттар, бірқатар кәсіпкерлер қатысты. Өздеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған мерекелік іс-шарада балалар мультфильм кейіпкерлерімен бірге қонақтарға ән айтып, би де билеп берді.

«Төрт жасқа дейінгі бүлдіршін-

дерге арналған бұл ертеңгілік көгілдір көктем тақырыбына арналып отыр, – деді арнаулы балалар үйінің аға тәрбиешісі Лаура Бұрымбаева.

Ал Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев қазір мұнда тәрбиеленіп жатқан 72 жеткіншекті көктем мерекесімен ілесіп келген Алғыс айту күнімен құттықтап, игі тілегін жеткізді.



Салман ГЕРОЕВ,
«Вайнах» шешен-ингуш этнобірлестігінің төрағасы:

БІР ЖАПЫРАҚ НАНЫН БӨЛІП БЕРГЕН...

– Сол кездегі жеті жасар бала менің жантүршігерлік оқиғалар көз алдымнан өтті. 1944 жылы ақпанның 23-і күні таңғы сағат 5-те ауылдағы шешендер мен ингуштердің пәтерлеріне қаруланған сарбаздар



мен офицерлер кірді. Олар тұрғындарға заттарын жинап, көшке дайындалуға 15 минут ғана уақыт берді. Барлығына тек қол жүктерін алуға рұқсат етілді. Бас-аяғы 4 сағат ішінде барлық халық мал тиейтін вагондарға тиеліп, шығысқа аттанды. Мұнда қарттар, әйелдер және мен сияқты көптеген балалар да болды. Вагондардағы қарулы күзетшілердің қатаң бақылауында болған олар қайда бара жатқанынан бейхабар еді.

Жүз сексен вагонға тиіген олардың ішінде 493269 шешен және ингуш ұлты болған. Жолда 1272 адам қайтыс болды. Бұдан бөлек, 50 адам түрлі қарсылық танытқаны үшін, алып келе жатқан күзетшілердің қолынан қаза тапты. Сондай-ақ алғашқы уақытта жаңа климаттық жағдайларға бейімделмеген мыңдаған адам аштықтан, суықтан және түрлі аурудан көз жұмды.

Бізді қазақ халқы құшақ жая қарсы алды. Шешендер мен ингуштер мұсылман дінін ұстанды. Сонымен қоса, олар қазақтар секілді еңбекқор болды. Келген кезде қарттар мен балалар жергілікті қазақтармен тез достасып кетті.

Тіпті қос ұлт пен қазақтар арасында дәстүр бойынша жақындастық та пайда болды. Уақыт өткен сайын вайнахтар бірте-бірте жаңа Отанына үйрене бастады. Біз қазақ жерінде өз мәдениетіміз бен терең тарихи салт-дәстүрімізді сақтап отырмыз.

Қиын-қыстау заманда қазақ халқы елге келгендердің ешқайсысын шеттетпеді. Оларды бауырына басты және бір жапырақ нанды бөлісіп жеді.

Сол үшін қазақ халқын құрметтейміз. Жаппай қоныс аудару кезінде осындай мейірімнің арқасында вайнах халқының жартысы өлімнен аман қалды.

ӘКЕ ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН

Ұлы Отан соғысының ардагері, 40 жылға жуық прокуратура саласында қызмет істеген Сәдуақас Қараманов прокуратура органдарының құрметті қызметкері дәрежесін алды. Әдетте қазақ «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп жатады, солай болды да, ұлы Серік әке жолына түсіп, осы салада біраз биікті бағындырды. Сәдуақас ақсақалдың жиен немересі Әйгерім де осы жолды таңдады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Әйгерім Өмірзақова әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін заңгер мамандығы бойынша бітірді. Прокуратура органдарындағы еңбек жолын 2013 жылы Қызылорда қаласынан бастады. Астана қаласы прокуратурасында 2016 жылдан бастап қызмет атқарады. Қазіргі уақытта Астана қаласы прокуратураның аға көмекшісі лауазымында.

Әйгерім Серікбайқызы қызметте жүктелген айрықша міндетін абыроймен көтеріп келеді. Кәсіби қабілеті мен жеке адами қасиеті арқасында ел мүддесін тиісті деңгейде қорғап, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға елеулі үлес қосып, өз қызметін адал атқарады. Қызмет жолында құқықтық мораль нормалары мен заңға бас



иген нәзік жанды прокурор Әйгерім Серікбайқызына бойындағы тәртіптің түбі атасынан дарыған.

«Атам соғыс жылдарынан соң өмірінің 36 жылын прокуратура органдарына арнады. Бала кезімнен батылдық пен ерлік, шыдамдылық пен табандылық қасиеттерін бойыма сіңірді. Бірлік пен тұлғааралық қатынастың қызмет жолында таптырмас асыл қасиеттер екенін атамның әңгімелерінен біліп өстім» дейді Әйгерім.

Елімізде тұңғыш әйел генерал – прокуратура саласынан шыққан Сәуле Айтпаева. Әйгерім Серікбайқызына оның жолын тілейміз!

Мен бабам Дәулетбектен бір ғасыр кейін дүниеге келіп-пін. Бізге арнап Еркін атам «Бір ғасыр» деген естелік кітап шығарды. Бабам XX ғасырдың аумалы-төкпелі заманында дүниеге келсе, мен XXI ғасырда – қазақ халқы аңсаған егемендіктің алғашқы жылдарында дүние есігін ашыппын.

МЕНІҢ ӘЖЕМ

Өзімді «әжемнің баласымын» деп айта аламын. Олай дейтінім, 4-сыныпты бітіргенше әжем Хамила Құлбекқызының қамқорлығында болдым. Әрине, кішкентай кезімді онша біле қоймаймын. Бірақ анам Ләйләнің айтуынша, әжем анама жас сәбиді қалай шомылдырып, тамақтандырып, әлпештеуді үйретіп отырып, мені өз қамқорлығына алыпты. Өйткені әжем – алты бала тәрбиелеп өсірген ардақты жан. Бәрі де жоғары білім алып, отбасын құрып, халқына адал қызмет атқарып жүрген жандар. Онымен қоса, мен ұл баладан туған бірінші ұрпақтың жалғасы екенмін. Алдымен өз балаларын, артынша немерелерін мектепке дайындаған асыл әжем – 52 жыл ұстаз болған кісі, «Күміс алқа», «Білім саласының үздігі» төсбелгілерінің иегері.

Әжем Хамила мені математика пәнін сүйеге қалай бейімдегені әлі есімде. Математикаға қатысты кітаптарды маған оқып, түсіндіріп отыратын. Осы күнге дейін есімде қалғаны – көбейту кестесін үйреткені. Кестенің кез келген жерінен сұрақ қойып, жауап бере алмасам, есте сақтаудың әдісін үйретеді. Осылайша математикаға ынтам арта бастады. Бастауыш сыныпты бітірген



соң республикалық физика-математика мектебіне оқуға түстім.

Әжем өз немере, шөберелерін ғана емес, бір кездері өзі сабақ берген шәкірттерін де ерекше жақсы көреді. Бірде маған мектеппен қоштасарда оқушылары жазған хатын көрсетті. Жас ұстаздарға да қамқоршы болыпты.

Алда келе жатқан 8 наурыз мерекесі қарсаңында әжемді құттықтай отырып, бір ауыз өлең арнап едім:

Туған жер, асыл әжем, бесік жырым,
Өзінде өтіп еді сәби кезім.
Ең алғаш тәй-тәй басып жүргенімде,
Көтеріп, демедің ғой мені өзін.

Ибраһим ЕРКІН,
Астана қаласындағы
республикалық физика-математика
мектебінің 8-сынып оқушысы

Қарлыға Салхауованың Астана қаласы әкімдігінің iKomek109 мониторинг және жедел әрекет ету орталығында қызмет істегеніне 15 жыл болыпты. Осы жылдар ішінде ол тұрғындардан 114211 телефон қоңырауын қабылдап, барлығына да сауатты жауап бере білген. Оны әріптестері алғырлығы мен шыдамдылығы, өз ісін бес саусағындай жете білетін біліктілігі үшін құрмет тұтады.

ОПЕРАТОР ҚАРЛЫҒА

реніп кеттім. Екі тәулік демалысымда үй шаруасының барлығын атқарып үлгеремін. Бос уақытымды көбіне отбасыма арнаймын. Бір қыз, бір ұлым бар. Қазір олар да ержетіп қалды. Бірге табиғат аясына шығып серуендегенді, түрлі тағам жасағанды ұнатамын. Әсіресе ет тағамы мен манты дайындағанды хош көремін» деп ағынан жарылды ол.

Қарлыға Ақмола облысы Ерейментау ауданы бұрынғы Ленин атындағы совхозда дүниеге келіпті. Бала күнінен заңгер болуды қалап, Қазақ заң колледжін бітіріпті. Кейін өмірдің ағымы оны басқа арнаға алып кеткен. Алайда бойында ерік-жігері мол, өмірге деген құлшынысы жоғары жан қайда жүрсе де қатарының алды болып, ел құрметіне бөленіп келеді. Ол тек 2023 жылы ғана қала тұрғындарынан 27304 телефон қоңырауын қабылдап, тұрмыс-тіршілік мәселесіне байланысты ақпарат беруде адамдардың зор алғысына бөленген. Сол арқылы ол «жылдың ең үздік операторы» деп танылды. Қарлыға Серікбайқызы iKomek109 мониторинг және жедел әрекет ету орталығында жұмыс істеген кезінде қала әкімдігі мен сала басшылығының 6 құрмет грамотасы мен 3 алғыс хатына ие болыпты. Үздік операторға еңбегіңіз бұдан да жемісті бола берсін деп тілек айттық.

МІНДЕТІНЕ АДАЛ МЕЙІРБИКЕ

Мейірімі мен жан жылуы арқылы науқастың кеселінен айығуына үлкен ықпал ететін жандардың бірі кіші медицина қызметкерлері екені белгілі. Денсаулық сақтау саласындағы қызметтің басым бөлігін жауапкершілікпен атқаратын осындай тәжірибелі маманның бірі – Астана қаласындағы №11 емхананың мейіргері Гүлнәр Бейсенова.

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Ол – Түркістан облысының тумасы. Кентау қалалық медицина училищесін ойдағыдай тәмамдағаннан кейін осындағы орталық аурухананың акушерлік бөлімінде 10 жылдан астам уақыт еңбек етіп, тәжірибе жинақтады. Оңтүстік Қазақстанда туып-өссе де, көпшілікке арман болған ару қала – Астанаға аңсары ауып, болашағын еліміздің бас шаһарымен байланыстыру мақсатында 2000 жылы осында қоныс аударды. Ақыры елордада өмірлік серігін жолықтырып, тұрмыс құрып, балалы-шағалы болады. Міне, содан бері ширек ғасырға жуық уақыт астананың медицина саласын дамытуға атсалысып келеді.

Мұнда да қарап отырмады, мамандығы бойынша жұмысқа орналасып, алдымен онкология орталығында, кейін көпбейінді №2 облыстық ауруханада мейіргер, бас медбике қызметін атқарды. Бүгінде №11 қалалық емханада еңбек етіп, еңбекқорлығы мен мамандығына деген қалтқысыз құрметінің, табандылығы мен тындырымдылығының арқасында өзіне берілген аймақ тұрғындарының

ілтпатына бөленіп жүр. Осы жолда аянбай тер төгіп, өзінің саналы ғұмырын адамдарға көмек қолын созудан шаршамайтын мейірбике қызметіне арнаған жанды емханаға келушілер де ерекше құрмет тұтады. Әсіресе оны егде кісілер айрықша күтеді. Себебі Гүлнәр Айқынбайқызы жұмысына жай ғана міндет деп қарамай, оларға жылы сөзі мен мейірімін аямайды.

Жалпы мейірбике – науқасқа ең жақын әрі қамқоршы адам, өйткені науқасты дәрігерден бұрын күтіп алып, шығарып салатын да өзі. Сондықтан мейірбикенің өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдына келген науқасқа жанашырлық танытуы бәрінен маңызды. Бұл ретте тәжірибелі мейірбике Гүлнәр Бейсенова көпке үлгі.



Тақатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

– Жұмысым өзіме ұнайды. Ең әуелі «051» қызметінен бастадым. Қазір, міне, iKomek109-ға ауысқаным да біраз жылдың жүзі болды. Тәжірибе жинадық, қалыптастық. Ұжымым өте тату, біріміздің білмегенімізді біріміз үйретіп, үнемі түсіністікте еңбек етеміз. Бір кезде өзім үйренуші болсам, енді мен де қазір кейінгі жастарға білгенімді үйрете алатын тәлімгер болып жүрмін. Бұл қызметтің өзіндік ерекшелігі де жетерлік. Ең бастысы, қала тұрғындары мен қонақтарына шаһардың тыныс-тіршілігіне байланысты уақытында кеңес беріп, ақпараттық көмек көрсете білуіміз қажет. Көптеген мәселеге жедел, қысқа да нұсқа жауап беруге тура келеді, – дейді тәжірибелі оператор.

Біз хабарласқан кезде Қарлыға Серікбайқызы ауысымдық жұмыс үстінде екен. Жұмысына байланысты сауалдарымызға бір тәуліктен кейін жауап берді.

«Жұмыста жауапкершілікті бірінші орынға қоямын. Әрине, тәулік бойы үздіксіз түрлі сауалға жауап беру оңай емес. Бірақ мен қазір бұл жұмысқа үй-

Айгүл УАИС

– Бұрындары адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) нашақорлар мен жеңіл жүрісті жезөкшелердің, одан қалды белгілі бір тұрағы жоқ қаңғыбас адамдар арасында таралатын ауру деуші едік. Негізі кеселдің ең қатерлі екені өзі алдына, алдымен қорқыныш пен үрей үйіретіні нәліктен?

– Эпидемия алғаш рет адам бойында табылғалы, бұл өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңы болатын, одан бері әлемде көп нәрсе өзгерді. Сонымен бірге, елімізде де АИТВ /ЖИТС қауіпін тану мен түсінуде оң үрдіс бар екені сөзсіз. Бастапқыда бұл тек қана таза медициналық проблема ретінде қоғам назарынан тыс қаралса, заман өзгеруіне қарай, әлеуметтік тұстарына мән беріп, ағартушылық жұмыстарын жүргізу аса маңызды болып отыр. Алайда алғашқы күндерден бастап қоғамға шығарып, бұл мәселе туралы барынша ашып айтқан жоқпыз. АИТВ инфекциясының таралуына жол бермеу тұрғысынан біршама уақыт жоғалтқанын мойындау керек.

Қоғамда қалыптасқан бір-жақты көзқарастың салдарынан, сондай-ақ жағдайды терең білмегендіктен осы аурудың айналасында қорқынышты аңыздар мен мифтер пайда болып, көпшілікке ауру туралы қате түсініктер таңылуда. Бұл мәселені білмеушілік кеселдің таралуына алып келеді және осы аурумен ауыратындардың өмірін айтарлықтай қиындатады.

Егер ғылыми тілмен түсіндіргенде, АИТВ/ЖИТС – патогендік микробтарға қарсы қорғаныссыз организмнің иммундық жүйесінің терең бұзылуымен қауқарсыз қалатын адамның вирустық инфекциясы. Негізі инфекция адам ағзасына енген сәтіннен бастап ағзаның иммундық жүйесіне шабуылдан бастайды. Күндердің күнінде ағза әлсіреп, вирус кеулеп болғанда жай тұмаудың соңы да қатерге алып келеді. ЖИТС – адамның иммун тапшылығы вирусынан созылмалы инфекцияның соңғы кезеңі.

АУРУЫН ЖАСЫРҒАННЫҢ АҚЫРЫ ЖАМАН

Астана қаласындағы АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы – консультативтік, диагностикалық, емдік-профилактикалық көмек көрсететін, сондай-ақ АИТВ-пен өмір сүретін адамдарға диспансерлік бақылауды қамтамасыз ететін арнайы денсаулық сақтау мекемесі. Орталықтың қызметі адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) инфекциясының таралуын барынша шектеуге және АИТВ жұқтырған және ЖИТС-пен ауыратындарға көмек көрсетуге бағытталған. Осы мекеменің эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің эпидемиолог дәрігері Айгүл Идрисовамен жолығып, кеселдің таралуы мен әлеуметтік астарына үңілуге әрекет жасаған.



АИТВ инфекциясының емі жоқ, тіпті қалай емдеуді білмей дағдарған кезде адамдар тез өліп кетті. Ал қазіргі күнде дәрілер табылды. Дегенмен, антиретровирустық препараттармен емдеу арқылы вирусты бақылауға болады. Қазіргі дәрілер адам бойындағы инфекцияны, қарапайым тілмен айтқанда, «ұйықтатып» тастайды, бірақ жойып жібермейді. Сондықтан да өмір бойына дәрі ішуін қажет етеді.

– **Жынысына, жасына, ұлтына, бай-дәулетіне немесе әлеуметтік топқа мүшелігіне қарамастан кез келген адам вирусты жұқтыруы қауіп бар екені. Оның адамнан адамға жұғу жолдарын айтсаңыз.**

– Расында бұл ауру АИТВ инфекциясы деп айтпаймыз ғой, адамның тұрмыс жағдайына, әйел-еркек, бала демейді. Кез келген адам жұқтырып, кеселге тап болуы мүмкін. Бірақ, ауру жыныстық қатынас арқылы беріледі десек те, бұл вирустың таралуының жалғыз жолы емес. Сонда да жыныстық қатынас арқылы көбірек таралатынын статистика көрсетіп отыр. Қазақы менталитетімізден бе, күнделікті тұрмыста кейбір жайттардың түрін түстеп,

ашық айта бермейміз. Сонда да «қорғалмаған жыныстық қатынас» деген атауды қолданып, вирустың қаншалықты қауіпті екенін түсіндіргім келеді. Яғни, мүшеқаспсыз, білмейтін, танымайтын кездейсоқ адамдармен жыныстық қатынасқа түскен жағдайда қатер деңгейі артады. АИТВ инфекциясының жаман жері егер адамның иммунитеті мықты болса, нақты білінбейді. Ауру жұқтырған адам да біраз уақытқа дейін алаңсыз өмір сүреді. Қорғалмаған жыныстық қатынас арқылы жан-жағына жұқтырып жүре береді. Адамның сырт келбетіне қарап та анықтай алмайсыз. Тіпті қатардағы жай қан тапсыру кезінде де анықталмайды. Оның қасында белгілері бірден білінетін мерез тағы басқа жыныстық жұқпалы аурулардан емделу үшін қан тапсырса да, қатерлі инфекцияны көрсетпейді. Сол себепті қанды арнайы талдау зертханаға тапсыруы тиіс. Ол бізде тегін. Адам табиғаты солай ма, адам ешқашан өздігімен келіп қан тапсырып, талдау жасатпайды. Осындай инфекция анықталғанда көздерінің жасын көл етіп, бұрындары қан тапсырғанмын, бұрында талдау жасатқанмын, неге сонда ерте-

рек білмеді деп жатады. Әрине, өткен уақытты кері қайтара алмайсың, ол тапсырған талдаулар басқа науқастың құрамын анықтайды.

Бұл ретте азаматтарға донор есебінде қан тапсырудың маңыздылығын еске салғым келеді. Егер өзіңіздің ойыңызда сәл де болса күмән туса, бұл – қойлайы мүмкіндік. Ондай орталыққа қан тапсырғанда міндетті түрде қан құрамының барлық инфекциясына талдау жасалынады. Егер АИТВ анықталса, міндетті түрде біздің орталыққа жібереді.

– **Алдыңғы жылмен салыстырғанда былтыр науқастар 34 адамға көп анықталыпты. Бұл аурудың жыл сайын көбейіп келетіні алаңдатады.**

– Науқасы анықталғандарды 100 пайыздық шамамен алғанда 65 пайызы 20-39 жас аралығында, ең көбі осы жастардың арасында анықталып тұр. Бұл – адамның табиғи жаратылысы бойынша барлық жағынан да белсенді кезі. Жастық желікпен де, қырыққа жақындағанда қылық шығарып аңғалдықпен ағаттық жасайтындардың кезеңі деп те қарауға болады. Орта жастағылардың да отбасы құралып, балалы-шағалы болып, қызметі, жағдайы да жақсарған кезі. Меніңше, адамдар аз ақпараттандырылып, білместіктен болған жайт екенін ескеруіміз керек.

Рас, қазір вирустың инфекция арқылы таралатын түрі азайып келеді. Бірақ қазір жағдай өзгерген. Ине арқылы егілетін есірткі қолданатындар азайып, орнына түрлі синтетикалық есірткі түрлерін қолданатындар көбейіп кетті. Есірткінің бір түрі «химиялық секс» деп те аталады. Оны қолданған адамдар, жыныстық қатынастарға түскісі келіп, нәпсісін қанағаттандырмайынша тыныштанбайды. Есірткінің уыты қайтқанда адам не істеп, не қойғанын түсінбейді. Естерінде ештеңе қалмайды. Бұл – осы инфекцияны жұқтырғандардың бәріне тән ортақ көрініс.

Біздер жоспар бойынша әртүрлі семинар, кездесулер өткіземіз. Елорданың адамдар көп жиналатын ірі сауда орталықтарында ағартушылық іс-шараларын жүргіземіз. Кейбір ортада сөзімізді ерсі көріп, елемеуге тырысатындар бар. Бірақ біздер мұндай қатердің барын білген соң айтамыз. Адам өзін-өзі қорғауы керек. Дегенмен, жүктілік кезінде ағ-

2023 ЖЫЛДЫҢ 12 АЙЫНДА АСТАНА ҚАЛАСЫНДА АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ 403 ЖАҒДАЙЫ ТІРКЕЛДІ. БАРЛЫҚ АНЫҚТАЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ 64,7%-Ы 20-39 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ. 3107 НАУҚАСТЫҢ ИММУН ТАПШЫЛЫҒЫ ВИРУСЫ (АИТВ) АНЫҚТАЛҒАН

засынан АИТВ анықталған жас келіншектерді аяймын. Мысалға делік, үлгілі отбасында өскен, өте тәрбиелі бойжеткен жақсы жігітпен танысып, кездеседі. Ол да үлгілі отбасында өскен. Біріне бірі жарасып тұр. Білімді, жақсы жұмысы бар, табысы тауір. Екеуі отау құрып, екі-үш айда келіншектің бойына бала бітеді. Емханаға тіркеліп, қан тапсырған кезде АИТВ анықталады. Қыздай тиген келіншекті қалай жазғырасыз, жігіттің де қанын тексерсе, ол да ауруға шалдыққан. Кезінде бір теріс қадам жасап болашағын кескен. Өзінің кездейсоқ жыныстық қатынастан инфекция жұқтырғанын білмей жүріп адал қызға үйленіп, оның өмірін қайғыға салды. Бойға біткен кішкентай баланың тағдыры не болмақ?!

Соңғы екі жылдың көлемінде ғана екіқабат әйелдерді емханаға есепке алатын кезде өзін және баланың әкесіне де вирусқа қарсы талдау жүргізетін болды. Меніңше, жастар некеге отырар алдында да осы процедурадан өтуін қадағалайтын

заңға өзгеріс керек. Дұрысы алдын алған. Қазіргі замандағы моральдің құлдыраған кезінде тәртіпті қатайтпаса, нағыз кемел шағында қайғы жұтып, қан құсып өтетіндердің қатары көбейетін болады.


Тек қана жастар ма? Менің тәжірибемде он жылдан бері тату-тәтті өмір сүріп жатқан, отбасында үш баласы бар ер-азаматтың басында да осындай жағдай өтті. Әйелінің денсаулығы нашарлап, ауруханаға түседі. Квотамен емделетін кезде міндетті түрде АИТВ/ЖИТС вирусына талдау жасалады. Сұрастыра келе себебін анықтадық. Әзірге отбасына қырынатын заттарыңызды үйдегі ержетіп қалған ұлдардан бөлек ұстаңыз дедік. Өздері күйзелістен шыққан кезде баларымен де ашық әңгіме болады деп ойлаймын.

– **Бұл – мәселенің бір ұштығы ғана. Қазірдің өзінде дүниеде АИТВ жұқтырған миллиондаған адам тіркеліп, 200 мыңнан астам адам аурудан өлді, әрбір бес минут сайын бір адам жұқтырып жатады деп айтылады екен. Қалай мұның алдын алуға болады деп тағы да қайталап сұрағым келеді.**

– Бұл ауыр экономикалық проблема болып табылады. Науқастарды және жұқтырған адамдарды күту және емдеу, диагностикалық және емдік препараттарды әзірлеу және

өндіру, іргелі ғылыми-зерттеулер жүргізу қазірдің өзінде миллиардтаған долларлық инвестицияны қажет етеді. Ал аурудың таралу қауіпін азайту үшін адамдардың барлығы мүмкіндігінше кесел туралы сенімді ғылыми ақпаратқа қол жеткізуі керек. Аурудың дамуы мен клиникалық көрінісі, оның алдын алу және емдеу туралы, науқасты күту, науқастар мен жұқтырған адамдарды психотерапия, олардың өмірін ұзарту, әлеуметтік кедегілерден өту, науқастардың бейімделу және қайта әлеуметтену шаралары ашық айтылғаны, қоғамда талқыланғаны абзал.

Ауруға да, ауру емеске де биік мораль керек. Адамгершілік сақталған қоғам иммунитет тапшылығын жеңе алады, ал моральдық кемшілігі бар қоғам жойылады. Меніңше, табиғат тағы да адамзаттың рухани-адамгершілік төзімділігін сынап жатыр, ал адамдар бұл қиын сынақтарға бірігіп, төтеп беруі керек. Болмаса, іштей шіріп, жастай кетіп жатқанын көріп жүрміз.



ЖҮРЕГІ МЕН ҚОЛЫ АЛТЫН

Астана қаласындағы №3 көпсалалы қалалық ауруханада 500-ге жуық медбике жұмыс істейді. Оның 80-нен астамы жоғары медициналық білімі бар мамандар, қазіргі уақытта тағы 50 маман оқуын жалғастыруда.

Операциялық медбике – хирургтің оң қолы. Хирургпен бірге ол операцияның барысын бақылайды, нұсқауларды сөзсіз түсінеді, өтініштерді болжайды. Олардың ауруханадағы рөлі айрықша. Бірақ операциялық медбикенің жұмысы үнемі көзге көрінбей, елеусіз қалады. Науқастар ақ халатты медбикенің

хирургиялық топтың жұмысына қосқан үлесі қаншалықты маңызды екенін біле бермейді.

Сондай мықты мамандардың бірі – Ұлбала Сарымбекқызы әрбір жұмыс күнін таңғы сағат 08:00-де бастайды. Бір сәтте ол операциялық блоктан күлімсіреп шығып келе жатады. Мұның себебі, науқасқа жасалған ота

сәтті өтті деген сөз. Оның келесі отаға дейін 20 минуттық демалатын уақыты бар. Одан әрі тағы үйреншікті ісіне кіріседі.

Ұлбала Шүтоғаева – 23 жылдық еңбек өтілі бар медбике. Ол өзі ісіне ұқыпты, мамандығына берілген адам, әрі өмірде жігерлі де ақкөңіл әйел. Ақмола медициналық колледжін «Медбике ісі»



мамандығы бойынша бітірген. 2022 жылы Республикалық медицина академиясының дипломын алды. 2023 жылы Қазақ ұлттық

университетін «Денсаулық сақтау бакалавры» дәрежесімен бітірді. «Бүкіл хирургиялық бригаданың ішінде бірінші болып ота

жасайтын бөлмеге медбике кіреді. Біз алдағы операцияның ұңғыл-шұңғылын алдын ала білуіміз керек. Отаға қажетті нәрселердің ұқыптылықпен дайындап, реттеп қоямыз. Процедура кезінде бір секунд та кідіріс болмауы керек. Ота жасап тұрған хирург-дәрігерге қажетті құралдарын жедел, үнсіз беріп, мінсіз қызмет етуге тиіспіз. Операция бөлмесінен соңғы болып шығатын да біз: ол жерді жинаймыз, құралдарды зарарсыздандыруға жібереміз. Барлығын ретке келтіріп, келесі отаға дайындаймыз. Бұл – біздің сүйікті ісіміз әрі жауапты міндет. Адамның денсаулығы мен өміріне араша түсуден артық қандай маңызды нәрсе бар?» дейді Ұлбала Сарымбекқызы.

БІР ЖАРЫСТА – ҮШ МЕДАЛЬ

Қазақ шахмат әлемінде жұлдызы жанған елордалық оқушылар бар. Соның бірі – №91 мектеп-гимназия мақтанышы, 9 жасар жас шахматшы Аланна БЕРІКҚЫЗЫ.



Шахматты ақыл-ойдың шексіз жаттықтырушысы деп білетін Аланна – 2023 жылдан бастап Греция елі, Родос қаласындағы классикалық шахматтан 9 жасқа дейінгі қазіргі әлем чемпионы, Грузия елі, Батуми қаласындағы 10 жасқа дейінгі жылдам шахматтан әлем вице-чемпионы, FIDE нұсқасы бойынша спорт шеберіне халықаралық кандидат, әл-Айндағы 10 жасқа дейінгі кадеттер арасындағы Азия чемпионатының қола жүлдегері, Алматы қаласында өткен республикалық чемпионатта классикалық және жылдам шахматтан Қазақстан бойынша абсолютті чемпионы, Астана қаласының бірнеше дүркін чемпионы, көптеген республикалық және халықаралық ашық турнирлердің, атап айтқанда, Астана қаласы Білім басқармасының қолда-

уымен өткен «Мектеп лигасы» республикалық турнирінің жүлдегері. Тіпті жас спортшы бір чемпионатта үш медальға да ие болған. Біріккен Араб Әмірліктері әл-Айн қаласында өткен Азия чемпионатында 2023 жылдың 13-23 желтоқсаны аралығында өткен 10 жасқа дейінгі қыздар арасында 3 медаль – жылдам шахматтан күміс, классикалық шахматтан қола және жылдам шахматтан қола медаль ұтып алды.

Аланна қызымыз 17 ақпаннан 23 ақпанға дейін Австрияда өткен халықаралық турнирге қатысса, 27 ақпаннан 7 наурызға дейін Чехиядағы турнирлерге шақыру алды. Air Astana «Жас қыран» байқауының нәтижесі бойынша барлық шығынды төлейді. Сәттілік саған, біздің әлемдік деңгейдегі жас жұлдызымыз!

Гүлнәр АХМЕТОВА,
№91 мектеп-гимназия
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

ТӘЖІРИБЕСІН ОРТАҒА САЛДЫ

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейінде бастауыш сынып бірлестігі мұғалімдерімен құндылыққа бағытталған білім беру негізінде «Lesson study: теориядан тәжірибеге ізденіс» тақырыбында қалалық семинар өтті. Мақсаты – ынтымақтастық орта құру арқылы сабақты зерттеудегі іс-тәжірибемен бөлісу.

Бұл іс-шараға Астана мектептерінен бірлестік жетекшілері мен жас мамандар қатысты. Семинардың қатысушыларға берері мол болды. Сабақты зерттеуді оқып білгеннен гөрі, тәжірибеде қолданып, бірге жасаған әлдеқайда тиімді екеніне тағы бір көз жеткіздік. Семинарды мектеп директоры Ботагөз Сейдеш ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Б.Болатбекқызы мектебімізде өтіп жатқан зерттеу жұмыстарымен таныстырып, нәтижесімен бөлісті. Әдістемелік орталық әдіскері Нұржамал Әзімбай «Сабақта қолданатын интербелсенді әдіс-тәсілдер» тақырыбындағы жұмысымен бөлісті. Директордың бейінді ісі жөніндегі меңгерушісі Шайзат Ташенова сабақты зерттеу мектебімізде қалай ұйымдастырылып жатқаны туралы баяндама жасады. Семинар зерттеу сабақтарын жоспарлаудан басталды. Оған төрт зерттеу тобы қатысты. Әр топ жетекшісі сол күнгі сабақ жоспарын топ мүшелерімен талқылап, топпен бірге бұған дейін енген өзгерістерді сабақ жоспарына қосты. Әріптестер жоспарлаудың барысын көріп, бақылап, түсінбеген сұрақтарына жауап алды. Жоспарлау аяқталғаннан кейін төрт сыныпта зерттеу сабақтары өткізілді.

Зерттеу тақырыптарына байланысты өткен зерттеу сабақтары қызықты әрі тартымды болды. Сабақ жоспары топ мүшелерімен бірге жасалғандықтан, дәрісті өткізу мұғалімдерге қиындық әкелген жоқ. Әр сабақ жоғары деңгейде өтті. Зерттеу сабақтары аяқталған соң сабақты талқылау болды. Фасилитатор өткен сабақтың хаттамасын жаза отырып, келесі сабақта нені қалай зерттеу кергін нақтылап отырды. Онда мұғалімдер өткен сабақты егжей-тегжей талқылап, сабақтың сәтті, сәтсіз тұсын ортаға салды және келесі сабақты жоспарлады. Семинар барысында қатысушылар сабақты зерттеудің барлық кезеңіне қатысып, сұрақ қойып, пікірталас жасап, белсенділік танытты. Бастауыш сыныптардағы сегіз зерттеу тобы өз постерін қорғады. Бұл жерде барлық зерттеу тобы өз зерттеу тақырыптарын ашып, талдап, бүгінге дейін жасалған жұмыс нәтижелерімен бөлісті. Кейін келген қонақтар шеберлік сыныптарға қатысып, тәжірибе алмасты. Шеберлік сыныптарда мектебіміздің зерттеуші ұстаздары өз сабақтарындағы озық тәжірибелерін ортаға салып, зерттеудің қыр-сырымен таныстырды. Осы аралықтарда келген қонақтардан сұхбат



алынып, кері байланыс жасалып отырды. Келген ұстаздар семинардан алған инсайттары мен өз кейстеріне өзек етіп алған әдістері туралы әсерін ортаға салды және мектеп ұстаздарына деген жылы лебізін білдірді.

Қорытынды бөлімде әдістемелік орталық әдіскері Нұржамал Әзімбай ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижесін көріп, жоғары бағасын берді. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған семинардың куәсі болғанын айтып, әріптестерге шығармашылық табыс тіледі.

Дүние жүзіндегі көптеген мұғалім іс-тәжірибесінен тұрақты орын алған оқыту жұмысын

ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізгі қағидаттарын қолдану орынды да нәтижелі екенін дәлелдейтін фактілер бүгінгі таңда ғылыми-педагогикалық әдебиетте жеткілікті деңгейде кездеседі. Дегенмен осы жұмыстарды мұғалім көзбен көріп, бірге бақылап, бірге жасаса, ол әлдеқайда тиімді болмақ. Бірлесе атқарған жұмыстарымыз әрі қарай да жалғасын табады.

Салтанат ЖҮСПОВА,
Ләззат ӘБДІРОВА,
Әлихан Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицейінің
бастауыш сынып
мұғалімдері

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ



Астанадағы №5 «Ақбота» балабақшасында «Қауіпсіз балалық шақ – детство безопасности» онкүндігінің жабылу салтанаты өтті. Маңызды іс-шараға қалалық әдістемелік орталығы мектепке дейінгі білім беру бөлімінің әдіскері Құндыз Көшен, баспа қызметі бөлімінің әдіскері Ерғазы Нұршеков қатысты.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Жиынға қатысушылар баланы отбасынан кейін дамытатын ортамен, мектепке дейінгі ұйымның бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Әкелер мектебінің» «Шабандоз» атқа міну, «Бала мерген» садақ ату сияқты отбасындағы әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыруды көздейтін тиімді жобалардың қалай іске асып жатқанына куә болды. Сонымен қатар бүлдіршіндеріміз келген қонақтарды балабақшаның авторлық ойыны – «Алаңдағы бестемше» ойынын ойнау шеберлігімен тәнті етті. «Kidsburg» мамандықтар қалашығында сюжеттік-рөлдік ойындар, «Сиқырлы құм» құм

терапиясы, «Шебер қолдар» сазбалшықтан бұйым жасау жұмысы көрсетілді.

Салтанатты рәсім «Қауіпсіз әлем» композициясымен басталды. Айтыскер ақындар қауіпсіздік жайында өлең оқыса, «Сақ бол, балақай!» сахналық қойылымы, «Мой друг – велосипед» танымдық ойын-сауығы балаларға айрықша көңіл күй сыйлады. «Көңілді бағдаршам» биі де бүлдіршіндерге ерекше әсер қалдырса, әнші Берікқан Еламан «Отан» әнін келістіре шырқады. Өрт сөндіруші, полиция, дәрігер болып кінгін балалар «Біз қорғауға дайынбыз» әндерін орындап, өнерімен тәнті етті. Соңында осы онкүндікке белсене қатысқан ата-аналар мен балаларға мадақтамалар, алғыс хаттар табысталды.



ҚАРЛЫҒАШ ҚАЛАҒА НЕГЕ КЕЛМЕЙДІ?

Жыл құстарының ішінде кеш келіп, жаз бітпей ерте кететін құс – қарлығаш.

Кішкентай кезімде ауылдағы атамның үйіне барғанда есіктің алдында жер бауырлап ұшып жүретін қарлығашты көретінмін. Қазақ елінде қарлығашты бейбітшілік пен берекенің символы деп санайды. Қарлығаштың тұмсығы қысқа, тұмсығының түбі кең, езуінің арасы алшақ. Қанаттары жіңішке әрі ұзын, дене бітімі ерекше сымбатты, сүйкімді, кішкентай, әдемі құс. Дала данышпандары атанған бабаларымыз қарлығашты пейіш топшырағынан жаралған деседі. Себебі көмекшісіне ән ұялаған қарлығаш Құран сүрелерін шырқайды екен.

Бір қызығы, осы бір әдемі, сүйкімді қарлығашты қаладан кездірген емеспін. Демалыс орындарына, саябақтарға барғанда тек ертегілердегі жалғыз жүретін құстың жаманы – сауысқанды, дауысы үрейлі, түрі сүйкімсіз қарғаны, топтасып жүретін көгершіндерді ғана көремін. Кейде бір-саран торғай ұшып жүреді. Бірақ бейбітшілік пен бақыттың құсы – қарлығаш, өте тамаша әнші құс – қараторғай сияқты жыл құстарын қаладан көрген емеспін. Ауылда көктеммен бірге әр жыл сайын келетін қанатты достарымызды асыға күтіп, алдымен ұшып келетін қараторғайларды ұя жасап қарсы алу дәстүрге айналған.

Қалаға қарлығаш пен қараторғай неге келмейді деп ойласам, бұлар өте сезімтал, тыныштық пен тазалықты, бейбітшілікті қалайтын құстар екен. Бұл құстың бүкіл өмірі ауада өтеді. Қаланың қым-қуыт тіршілігі, газды, түгінді, шулы тіршілігі ұнамайтын болса керек. Сонымен бірге қарлығаш жұқпалы аурулар көп тарайтын жерді мекен етпейді екен. Таза ауада, тыныш жерде, бейбіт мекенде өмір сүретін қарлығаш құсы мені қызықтыра түсті.

Бұл құстың қасиеті жайлы аңыз-әңгіме аз емес. Сондай аңыздың бірінде жоңғар шапқыншылығы кезінде ауылға жау шауып, бүкіл ел үдере қашады. Сол ауылда тұратын бабамыз Төле би ғана көшпей отырып қалады. Шапқыншылықпен келген жоңғар қолбасшысы:

– Бәрі қашқанда, бұл неге көшпей қалған, жөнін біліп келіңдер, – деп әскерін жұмсапты. Сонда бабамыз:

– Үйімді бұзсам, босағадағы қарлығаш ұясы қоса бұзылатын болғандықтан, орнымнан қозғалмадым, – деген екен. Сонда жоңғар қолбасшысы:

– Бұл әулие адам екен, мазаламандар, – деп бұйырыпты. Осыдан кейін Төле бабамызға «Қарлығаш әулие» деген ат беріліпті. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңінде шаңырағына бейкүнә құстың ұя салғанын, оны бұзға қолы бармаған бидің бұл сөзіне таңырқаған қолбасшы «шын әулиенің өзі екен» деп еліне де тиіспепті.

Иә, қарлығаштың адамзатқа жасаған жақсылығы туралы аңыз-әңгіме көп. Тағы бір аңызда киелі құстың басқа құстардан басты ерекшелігі құйрығы айыр

болып келетініне назар аудартады. Құстың бұл түрін қастерлейтін эстон елінің халық ертегісі қос ғашықтың өмірімен байланыстырса, қазақ ертегілерінде баланы ажалдан құтқарған қарлығаштың құйрығын айдаһар тістеп айырыпты дейді.

Қарлығаш – мейірімді және бейбітшілік құс. Оның ұясына басқа құс кіріп кетсе, оған шабуыл жасамай, өзге ұяға көшіп кетеді. Ұясын тұрғын үйлердің шатырына сала береді, адамдардан топырағынан жаралған деседі. Себебі көмекшісіне ән ұялаған қарлығаш Құран сүрелерін шырқайды екен. 10 күнге дейін созылады. Ұясы жарты ай тәріздісеме түбі кең, аузы тар құмыра пішінді болып келеді. Ұясының түбіне қауырсыннан, тағы да басқа заттардан жұмсақ төсеніш төсейді. Балаландары күніне 300 рет тамақтанады. Олар шарбын-шіркеймен, масамен, басқа да әртүрлі жәндікпен қоректенеді. Алғашқы ұшпада анасы балаландарына қамқор болып, жәндіктерді аулауды үйретеді. Ғылыми деректерде қарлығаш табиғи ортада бес жыл өмір сүреді екен.

Қазақ қашаннан қарлығашты киелі құс санайды? Қазақта егер үйдің төбесіне қарлығаш ұя салса, бұл отбасы бақыт пен берекке кенелді деген ырым бар. Ата-бабамыздың айтуынша, қарлығаштың ұясын бұзу үлкен сәтсіздікке душар етеді. Швецарияда қарлығаш ұясын бұзған адам тұқымымен кесапатқа ұшырайды деген сенім бар.

Қарлығаш басқа жаққа көшкенде, тырналар оны арқасына алып ұшады. Ал қайтып келгенде, ләйлектердің қанатының астына паналайтыны қызық.

Аспанда ұшып келе жатып тамақтана алатын киелі құстың кейбірі ұйықтауға да қабілетті келеді. Су үстінен ұшып бара жатып-ақ су іше береді. Ұшып жүріп қорегін ұстап жейді. Дауысы сонша қатты емес. Ашық күндері биіктеп ұшады да, ауа райы жауын-шашынды болар алдында жер бауырлап ұшады. Сондықтан да бабаларымыз қарлығаштың ұшу ерекшелігіне қарап ауа райының өзгерісін алдын ала болжаған. Алайда мұны ғылыми жолмен де түсіндіруге болады. Жауынның алдында ауа ылғалдылығы көтеріледі. Нәтижесінде қауырсын ауырлап, құс төменге қарай түседі.

Киелі құс – қарлығаш туралы деректерді, аңыз-әңгімелерді оқи отырып, қарлығаштың барлық адамзат үшін өте киелі, сүйкімді құс екеніне көзім жетті. Сондай-ақ қарлығаштың тіршілігін бақылау барысында мен олардың ұя салуы, қоректенуі, жұмыртқа салуы, ұядан қанаттанып ұшуы туралы көп нәрсе білдім. Бұл деректердің болашақта қарлығаш туралы білгісі келетін жандар үшін маңызы зор деп ойлаймын.

Қалибек НҰРАСЫЛ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің студенті

№26 (4614) 02/03/2024 Сенбі

Соңғы жылдары Қазақстан нарығында шетелден келген тауарлардың үлесі күрт артты. Әсіресе Қытай мен Ресей тауарларының біздің базарларда саудасы дүркіреп тұр. Әрине, арзан тауарлардың көбейгені халықтың қалтасына тиімді болғанмен, отандық кәсіпкерлердің өндірісіне кері әсерін тигізетіні, тіпті сақтық шараларын қолданбаса, отандық өндірісті тұралатып тынатыны көпке түсінікті жайт.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қазақстанның қай қаласына барсаңыз да базарларында қаптап тұрған шетел тауарларын көресіз. Өйткені біздің ел носки-шалбардан бастап шетелден алады. Ал ол өнімдерді елімізде өндiргенмен, оның өзiндiк құны шетелден енген тауарлардан әлдеқайда қымбат екенi тағы бар. Мәселен, осыдан 4-5 жыл бұрын Қытайдан келген бiр кәсiпкер азамат отандық өндiрiстi дамытуға үлес қосу мақсатында байпақ (носки) тоқитын шағын цех ашып, елiмiзде өндiрiлген шұлықтарды нарыққа шығарды. Сапасы жақсы болғанмен, бағасы Қытайдан келетiн тауарлардан қымбаттау болды да, көп ұзамай өндiрiсiн тоқтатты. Өйткенi саудагерлер отандық өнiмдi қолдап, елiмiзде өндiрген өнiмдердi алғанның орнына, керiсiнше, «арзан, жақсы өтедi» деп қытайлық тауарларды сатып алған. Әрине, бұл арада халықтың тұтыну өресi мен саудагерлердiң тек қана пайда табу идеясының күштілігі, отандық өндiрiстi қолдау санасының төмендiгi себеп болып отыр. Отандық өнiмдi қолдау – ұлттық таным мен ұлттық ұлы бірлігіне байланысты мәселе. Бірақ біздің елде ондай түсінік тым жоғары деп айта алмаймыз. Яғни қарапайым халық қалтасына қарап өз таңдауын жасаса, қалталылар қазақстандық өнiмдi қор санайды.

Біз Шыңжаңда ұйғыр ұлтты қалың қоныстанған өңірде тұрдық. Көбiнде сауда-саттықпен айналысатын олар – өте ұйымшыл халық. Бірiнiң саудасын бiрi қолдап, бiреуiнiң сатқанын екiншiсi сатып алып, базарды қыздырып, сауда айналымын тездетiп жатады. Миллиард қытайлық арасында жүрiп, қытай кәсiпкерлерi өндiрген тоңазытқыш, кiр жуғыш машинаға дейiн өздерiнiң белгiлерiн жасырып сатып, соңғы кездерi қытайша жазуы бар тауарларды сатып алмайтын деңгейге жеттi. Әрине, бұл әсiреуiлтшiлiк болғанмен, оның арғы жағында ұлттық өнiмдердi қолдау, ұлттық буржуазияны қалыптастыру идеясы жатыр. Бізге де осындай идея керек. Өйткенi бәрiн шетелден сатып алудың соңы мемлекеттiң өзiне, халықтың өмiрiне қауiптi екенiн пандемия кезiнде беттұмшаның тапшылығы-ақ аңғартқан жоқ па?! Демек, импорт пен экспорттың тепе-теңдiгiн сақтау мемлекет үшiн аса маңызды түйiн саналады. Егер бiр елдiң импорт көлемi 50-60 пайыздан асып, iшкi өндiрiс көлемi 20-30 пайызға да жетпей қалса, ол елдiң экономика жағынан өзге елдерге ерiксiз тәуелдi болып қалатынын қазiргi геосаяси жағдай да анық аңғартып тұр.

Оның үстiне, бiздiң Үкiметтiң отандық өндiрушiлердi қолдау саясаты әлi де жеткiлiксiз. Кәсiпкерлерге байланысты мораторий жариялап, салықтан босату сынды шаралар да



ӨЗГЕНІКІН ТҰТЫНҒАН ЕЛ ӨСПЕЙДІ

отандық өндiрiстiң дамуына демеу болмай тұр. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында биыл сүт зауыттары өнiмдерiн өткiзе алмай отыр. Олардың саудасына да шетелден келiп жатқан арзан өнiмдер салқынын тигiзуде. Өткен жылы бұл өңiрге Ресей мен Беларусь елiнен 1400 тоннаға жуық сүт өнiмi әкелiнген. Осыған сәйкес, аталған өңiрдiң экспорт көлемi де қысқара түскен.

«Жарты жылдан берi 20 тонна iрiмшiк, сары майымызды сата алмай отырмыз, 4 айдан кейiн бұл өнiмдердiң мерзiмi өтiп кетедi. Бағасын арзандатсақ та алушы жоқ» дейдi сүт өнiмдерiн шығаратын отандық кәсiпкерлер.

Осының салдарынан бұл зауыттар биыл жылдық өндiрiс көлемiн 400 тоннадан 200 тоннаға дейiн азайтуға мәжбүр.

«Тек бiз ғана емес, облысымыздағы сүт өнiмдерiн шығарумен айналысатын 15 кәсiпорынның саудасына шетелден енген өнiмдер қатты әсер еттi» дейдi кәсiпкер Гүлнәр Мұхамеджанова.

Шетелден енген өнiмдер өңдеу саласының ғана емес, ауыл тұрғындарының табысына да әсер ете бастады. Өйткенi өңiрдегi сүт зауыттары тұраласа, тұрғындардың сүтiне де алушы жоқ болатыны көпке мәлiм. Міне, бұл – бiздiң Үкiметтiң отандық өндiрiстi қолдамай, импорт саудасына бақылауды күшейтпегенiнiң салдары.

Импорт пен экспорт мәселесiне келгенде Қазақстанның Қытайдан үйренетiн тұсы көп. Қытай қалай алпауыт елге айналды? Бұл елде орта, шағын кәсiпорындар қалайша тез дамыды? Оның да өзiндiк себебi бар. Ең әуелi бұл ел отбасы өндiрiсiнен бастап, орта, шағын бизнестi дамытуға ден қойды. Олардың тауар айналымы жақсарып, аяқтан тұрып кеткенше, өндiрiсi қарқын алғанша бiздiң ел сияқты «жеке кәсiпкерлiк аш, бiр тиын болса да салық орындарының назарынан таса қылма» деп тақымдаған жоқ. Керiсiнше, оған кәсiпкер ретiнде қолдау көрсетiп, өсiмсiз

қарыз беру, техникалық жақтан сүйемелдеу шараларын қолданды. Оларды әлдеқимдердiң бопсалап, сүлiктей соруына жол берген жоқ. Керек десеңiз, олардың өнiмдерiн сатуына да көмектесiп, «өңiрлiк өзгешелiктi арттыру, өз өнiмдерiмiздi тұтыну» деген үндеу бойынша халықты да жергiлiктi өнiмдердi сатып алуға шабыттандырды. Ал шетелден тек өзiне қажеттi, өз елiнде өндiрiлмейтiн тауарларды арзан бағада енгiздi де, өз елiнде өндiрiлетiн тауарлардың импортына шектеу қойды немесе кеден салығын жоғарылатып, отандық өнiмдердiң бағасын шетел өнiмдерiнiң бағасынан төмен ұстауға күш салды. Мәселен, машина өндiрiсiн айтсақ, Қытай машинаның моторын да талапқа сай өтiндiре алмайды. Яғни көлiк құралдарының моторын бертiнге дейiн шетелден импорттап келдi. Бірақ соған қарамастан, Қытай автомобиль өндiрiсiне күш салды. Әрине, ол көлiктердiң сапасы шетелдiк көлiктерге жетпейдi. Бірақ шетелдiк көлiктердiң импорт саудасын қиындатып немесе тосқауыл қойып тастағандықтан, қытайлар өз елiнде өндiрiлген көлiктердi мiнуге мәжбүр болды. Екiншi жағынан, ол көлiктердiң бағасы арзан және ұзақ уақыт мiнуге жарамайтын, тез тозатын болғандықтан, Қытай көлiктерiнiң ел iшiндегi айналымы да жоғары едi. Ал бүгiнгi таңда Қытай сол көлiктерiн шетелге де сата бастады. Қытай автомобиль өндiрушiлерi қауымдастығының мәлiметiнше, 2023 жылы Қытайдың автомобиль экспорты тұңғыш рет Жапонияны басып озып, әлемде бiрiншi орынға шыққан. Міне, ордiнiз бе, iшкi нарықты қорғап, отандық өндiрiске мән берудiң кереметiн.

Осы арада Қытай тауарлары неге арзан деген мәселенi де айта кетейiк. Бiрiншiден, Қытай зауыттарының өндiрiсi айрықша ауқымды. Бiр тауардың түрiнен бiр жолда неше мыңын, тіпті неше он мыңын өндiредi. Мұның

жартысы iшкi нарыққа кетсе, қалғаны шетел асады. Ең маңыздысы, Қытай шетел нарығын жаулап алу үшiн кәсiпкерлер өз өнiмдерiн шетелге шығарса, баж қайтару түзiмiн атқарып отыр (салынған салықтың белгiлi мөлшерiн қайтару). Осының арқасында Қытайда бiр носкидiң өзiндiк құны 150 теңге болса, шекарадан шыққанда қайтарылған бажға байланысты оның бағасы 120-130 теңгеге дейiн төмендейдi. Ал қазақстандық кәсiпкерлерге ондай қолдау жоқ, оның үстiне, оның нарық көлемi тар болғандықтан, өзiндiк құны 150 теңге болған носкидi кемiнде 300-350 теңгеден сатуға мәжбүр. Ал қытайлық кәсiпкерлер өзi өндiрген носкидi бiздiң нарықта 200 теңгеден сатса да ұтылмайды. Ресей де қазiр осы тәсiлдi қолдана бастады. Атап айтқанда, бұл ел де биыл экспортқа жiберiлетiн сүт өнiмдерiн тасымалдауға кететiн шығындарға 100 пайыз қосымша қаражат берiп отырғандықтан, шетелден келетiн арзан тауармен бiздiң өнiмдер бәсекелесе алмайды. Мал өнiмдерiн сатып алатын зауыттардың саудасы саябырлағаннан кейiн тұрғындар да мал басын кемiтуге мәжбүр. Оның үстiне, биыл қыс қатты, жем-шөп қымбат. Тебiнде жүрген жылқының көбi iш тастап, аштықтан қырылып жатыр. Демек, бұл мәселеге Үкiмет жiтi назар аудармаса, елiмiздегi отандық өндiрiс толық күйрейдi де, соны ендi-ендi қалыптасып келе жатқан ұлттық буржуазияның әлсiреуiне әкелiп соғады. Ал ұлттық буржуазиясы жоқ, тұрмысқа қажеттi тауардың бәрiн шетелден енгiзетiн елдiң ертеңi бұлыңғыр. Егер Қазақстан Үкiметi Алматы сияқты қалаларға вагондап келiп жатқан Қытай тауарларына тиiстi шара қолданбаса, көп өтпей отандық өндiрiс құрдымға кетiп қана қоймай, саудамен айналысып, жан бағып жүрген қалың алыпсатарларымыз да жұмыссыз қалады. Жұмыссыздық демекшi, компаниялардың банкротқа ұшырауына байланысты

жұмыссыз қалғандардың да саны артып келедi. Ұлттық статистика бюросының мәлiметiнше, елiмiз бойынша 445 мың адам жұмыссыз жүр. Мұның денi – 35-45 жас аралығындағы азаматтар. Жұмыссыз қалғандардың 276 мыңы қалада, 169 мыңы ауылда. Бірақ ауылдардағы жұмыссыздар саны бұдан әлдеқайда көп болуы мүмкiн.

Жоғарыдағы мәселелерге байланысты жақында Сауда және интеграция министрлiгi iшкi нарықтың қауiпсiздiгiн қамтамасыз ететiн арнайы штаб құрды. Министрлiк өкiлдерiнiң айтуынша, оның құрамына Ауыл шаруашылығы және Денсаулық сақтау министрлiгiнiң өкiлдерi енген. Ендi сырттан келетiн тауарларға мониторинг жүргiзiлiп, арзан және күмән келтiретiн өнiмдер қатаң бақылауға алынатын көрiнедi. Бірақ оның нақты әсерi бола ма, оны уақыт көрсетедi.

Екiншi тұрғыдан алғанда, сарапшылар Қытайда деф-

ҰЛТТЫҚ КИИМ КҮНІН БЕЛГІЛЕЙІК

Ұлттық киім – ұлтымыздың ұлылығын ұлықтайтын, ұлттық кодымызды білдіретін айшықты көрсеткіш. Ұлттық киімдеріміздің мол мұрасымен мақтана алатындай елміз. Басқа киімдерді айтпағанда, бір ғана бас киімнің қазақ халқында 20-дан астам түрі бар. Бүгінде ұлттық киім өзімізде ғана емес, өзге елдерде де кеңінен ұлықталу үстінде. Әлеуметтік желіде Қытайда қазақ жігітінің ұлттық киіммен көшеде жүріп елдің назарына түскен видеосы 5 миллионға жуық қаралым жинап, халықтың ыстық ықыласына бөленген.



Елде ұлттық киімді насихаттау тек бір реттік челленджермен, акциялармен ғана шектелуде. Соңғы уақытта жалпы халық арасында «Ұлттық сезім» жалпы ұлттық акциясы басталып, ел арасында кеңінен қолдау тауып келеді. Акцияны зиялы қауым өкілдері, журналистер мен блогерлер, оқу ордалары қолдап, аптаның әр жұмасында ұлттық нақыштағы киімдерді киіп жүргендер қатары көбейді. Осы акцияны бастаған азаматтарға ерекше алғысымды білдіремін. Ұлттық киім мәдени майданның негізгі қаруы, халық санасына әсер етуші күш екенін ескерсек, бұл мәселеге үстіртін қарауға болмайды.

«Ұлттық киімдерді тек Наурызға ғана емес, жай күндері де жиі киіп жүріміз керек» деп Президентіміз де үндеу тастаған еді. Алдағы уақытта ұлттық нақыштағы киім кию дәстүрін тек Наурызбен, бір реттік шаралармен ғана шектемей, оны трендке айналдыру қажет. Мәселен, бауырлас қырғыз халқы басынан айыр қалпағын тастамайды. Соған қарап-ақ оның қырғыз екенін жазбай танысың. Тіпті Жоғарғы Кенештің өзінде депутаттары айыр қалпағын киіп отырады. Ол қала берді ұлттық киімдерін сақтау мақсатында 5 наурызды Айыр қалпақ күні деп мемлекеттік деңгейде бекітіп, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енгізген. Мұндай күн тек Қырғызстанда ғана емес, әлемнің Бразилия, Испания, Шотландия, Жапония сынды алпауыт елдерінде бар. Көршілес

өзбек халқы да ала тақиясы мен шапанын күнделікті киеді. Сол секілді шешен халқы да елтірі бөрігімен ерекшеленеді.

Біз де өз ұлттық киімімізді өзіміз киюді енгізе айналырмыз, біртіндеп оларды басқалар иемденіп кетуі мүмкін. Соңында шапанымыздан айырылып, қамшымызды ғана ұстап қалмайық. Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, Үкіметке мынадай іс-шараларды қолға алуды ұсынамын:

Біріншіден, ұлттық киімдерімізді ұлықтау мақсатында республикалық деңгейде «Ұлттық киім» күнін бекіту. Бұл күн мәдени құндылықтарымызды кеңінен насихаттап, өскелең ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеудің негізі болар еді.

Екіншіден, мемлекеттік қызметкерлер мен халыққа қызмет көрсететін орталық қызметкерлерінің киімдеріне қазақи ою-өрнек элементтерін қосу.

Үшіншіден, ұлттық киім өндіретін отандық кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіп, бизнесті қолдауға бағытталған гранттарға, ұлттық киім кәсібiне басымдық беру. Халық арасында ұлттық киімді қолжетiмдi етуге ықпал етiп, суранысты арттыру. Төртiншiден, мектеп оқушылары киегiн ұлттық киiмдер стандартын әзiрлеп енгiзу әрi халықаралық түрлi жарыстарға (ғылыми олимпиада, спорт) баратын азаматтардың формаларына мiндеттi түрде ұлттық нақыш бейнелеу.

Дәулет МҰҚАЕВ,
Мәжіліс депутаты

Жастардың санасын Батыстың даңғазы музыкасы жаулап алған бүгінгі таңда заман ағымына сай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан қазақтың қара өлеңінің, халық композиторлары әндерінің қадірі қашқаны жайлы бұрын да көп айтылып, жазылып жүр. Бүгінгі әншілеріміз халық әндері мен халық композиторлары халық әндерінің жауһар сөздерін бұрмалап, жүнін жұлған тауықтай етіп тастайтыны жаныңызға батады.

Халық әндерінің қасиеті оның әуенінде ғана емес, сөзіне де жасырынған. Мәселен, «Тауһартас»-тағы: «Анаңнан айналайын сені тапқан», «Бір мысқал»-дағы: «Көтеріп алақанға отырсаң да, салмағы білінбейді бір мысқалдай», «Сұрша қыз»-дағы: «Дарияның жарға соққан толқынындай, көз сүзген көрінгенге көңіл – арысыз» деген сияқты ғажайып теңеулер ән әуенінің құдіретін одан сайын асқақтатып тұрған жоқ па?! Бірақ «әп-әдемі ән еді, пұшық айтып бүлдіргені болмаса» дегендей, халық әндері мен халық композиторларының өн сөздерін бұрмалап айтып, берекесін қашырып, құнын түсіріп жүрген «әнбұзар» әншілер жайлы сөз қозғала бермейтіні таңдандырады. Бәлкім, мұндай бұрмалауларға мән беретін, сөз қадірін білетін тыңдар құлақтың азайып бара жатқанынан шығар. «Халық композиторларының әндері кезінде хатқа түспегендіктен, сөзінің бұрыс-дұрысын қалай дәлелдейміз?» деген ой да мен сияқты «аузы қышығандарға» тосқауыл болатын шығар. Бірақ халық композиторларының әндері кезінде хатқа түспесе де, кеше ғана өмірден өткен Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Дәнеш Рақышев, Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәріменов сынды құйма құлақ, жез тандай әншілеріміз жеткізген, бүгінде көзі тірі Қайрат Байбосынов, Рамазан Стамғазиев сынды талантты да талғампаз әншілеріміз орындап жүрген нұсқадан үйренсе, шындықтан онша алшақ кетпес еді. Бірақ көп әншінің бұлған құлағы жоқ сияқты. Шын мәнінде, халық әндерінің сөзін теріс айтсаң, мағынасы да бұрмаланып, топмақ көрініп тұрады.

Халық әніндегі «Қара тайға жарасар қара терлік,

Ер жігітке жарасар төтен ерлік» деген жолдардың соңғы жолын «жігітке жараспайды төтен ерлік» деп бұрмалап жүрміз. Ер жігіт керісінше төтен ерлігімен көзге түседі емес пе?! Мүмкін «аса қайрат бас жарар» деген мақалға келтіргісі келетін шығар. Онда «жараспайды» емес, «басына тиеді», «пайда әпермейді» деген сияқты айтар еді ғой.

Өлебай Әнетұлының «Дудар-ай» әнінде көптеген әншіміз:

«Дудар-ай, келер болсаң, тезірек кел, Орныға өңшең жаман таласып жүр» деп айтады (Сембек Жұмағалиев, Қуаныш Жексенұлы, т. б.). Мәриям Жагорқызына жамандар емес, орыс пен қазақтың небір мықты жігіттері таласқан шығар. Жамандар таласқан қызға ғашық болу – Дүйсендей жігіттің беделіне сын. Әрине, таласып жүрген жігіттер Дүйсенмен салыстырған нашар деп, салыстырмалы түрде түсінуге болар. Әйткенмен бұл жерде басқа ұлт бола тұрып, Мәриямның қазаққа ғашық болуы әннің негізгі идеясы екенін ұмытпайық. Тіпті «орнына орыс, қазақ» деген тіркестегі «о» дыбысының үндестігі мәтіннің көркемдігін асырып тұрған жоқ па?! (мүмкін әншілер кеңес дәуіріндегі саясат салдарынан орыстарды орыс деуден де қорқып, тайсатып айтқан шығар).

Ал халық әні «Дүние-ай»-дың қайырмасын Жанболат пен Жазира, олар ғана емес, көптеген әнші:

«Былтырғы мен биылғы-ай, Қолда жоқтың қиыны-ай» деп айтып жүр. «Былтырғы мен биылғы-ай» деген жолда не мән бар? Бұл әннің ежелден қалыптасқан, көп әншілер айтатын нұсқасы бойынша 1-жол «Былтыр құлын, биыл тай» дейтіні қайда? «Былтыр құлын, биыл тай» деу 3-4-жолдағы «ұстараның жүзіндей, аударылған дүние-ай» деген жолдардағы ойды сабақтап, заманның өтіп бара жатқанын, кешегі құлынның биыл тай болғанын қисымен айтып тұрған жоқ па?! Жанна Орынбасарова: «Қызыл құмда ауылым» әнінде: «Оймақ ауыз, күлім көз, құралай қас» деп айтады.



БІР ӘНДІ БІРІ БІЛІП, БІРІ БҰЗЫП...

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бастап ұлттық рухымызды қалпына келтіруге назар аударып, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында атқарылған игілікті істер «Рухани жаңғыру» идеясымен сабақтасқан еді. Тек ұлтымыздың телегей-теңіз фольклорлық қазынасын жинақтауда анау-мынау емес, 100 томдық «Бабалар сөзі» сериясы дүниеге келді. «Ұлы даланың жеті кереметі» аясында «Дала фольклоры мен музыкасының 1000 жылы» жобасын ұсынып отыр.

Қасты құралайға теңегенді бірінші рет естідік. Дұрысы «Оймақ ауыз, қиғаш қас, құралай көз» ғой.

«Жігіттер» тобы Тұрымның әні «Керім-ау, айдай»-дағы «Айырды ғой мойныма іліп құрым» деген жолын «мойныма салып құрым» деп айтады. Бұл да қазақ тілінің құрылымын білмейтін әншілердің қарекеті. Әйтпесе қазақ «мойныға құрым салып» деп айтпайды. «Мойнына белбеу салып, Құдайдан тілек тілейді. Ал адамды масқаралағанда құрымды мойнына салмайды, іледі».

Көп әнші халық әндерінде жиі қайталанатын «Көзде жүзген аққудай мамырлаймын» деген жолды «Көзден ұшқан аққудай мамырлаймын» (Тұлмайдан Сүндетова) деп шырқайды. Ұшып бара жатқан аққу қалай мамырламақ? Бірақ онда әншінің шаруасы жоқ сияқты. Мұндай ән арасы «бөтен сөзбен былғанған» қазақы ұғым, қазақы сөз тіркесіне жат сөздер «Сәулем-ай» әнінде де кездеседі. «Сәулем-ай» әнінде көптеген әнші «томағасын сыпырған лашындай, сәулем-ай» деген жолды «томағасын алдырған» деп айтады. Қазақ «томағасын сыпыру, алу» деп айтады. «Алдырған» десе мағынасы өзгеріп кетеді. Тұрақты тіркесті бұзу – қазақ тілін шұбарлаудың бір көрінісі.

Көптеген әншіміз (оның ішінде халық әндерін шырқаудың майталмандарының бірі Клара Төләнбаева да бар) халық әні «Ақ дарыға»-дағы «Бәйгеден бір ат келер ойнақтаған» деген жолды да «бәйгеден екі ат келер ойнақтаған» деп бұрмалап айтып жүр. Бәйгеден екі ат озып келмейді, бір ат озып келеді ғой. Ол аламан жарыста шалдықпай, ойнақтап, барлық атты артқа тастап келеді.

Халық композиторларының баспа бетінде әрі белгілі әншілердің орындауында дұрыс жеткен әндерінің өзін кей әншілеріміз теріс-қағыс айтады. Мысалы, әнші Нұржан Қалжан әйгілі «Ақмаңдайлым» әніндегі «Қолымды жеткізгендей көкте Күнге» дегенді «Қолымды жеткізгендей Күн мен Айға» десе, әнші Болат Құсайынов Әсет Бейсейовтің «Ағаларым» әніндегі: «Қажымас қара нарым,

Кең байтақ далалайым» деген жолдарды «қажымас қара нарым, кең байтақ далаларым» десе, Маржан Арапбаева Шәмшінің «Кешікпей келем деп ең» әніндегі «Ай туып келеді қияқтанып» деген жолды «Ай туып барады қияқтанып» деуіне жол болсын. Ана тілімізде «ай туып барады» деген тіркес жоқ екенін шалқұйрақ ақын Мұхтар Шаханов түгіл, қарапайым қазақ біледі. Ал «Қоңыр» тобы Садық

Кәрімбаевтың «Ақтамақ» әнінде «Шыға келсең жарқ етіп бұлт астынан» дейді. Қыз бұлт астынан қалай шықпақ? Дұрысы «Шыққан күнде жарқ етіп бұлт астынан», «Саламат» тобы Мұқағалидың сөзіне жазылған «Махаббатты армандаймын» әніндегі «Ақ қаздардың ішінен аққуымды ажырата алмаған сор маңдаймын» деген жолды «Ақ қыздардың ішінен аққуымды ажырата алмаған сор маңдаймын» деп соғады. Ұят-ақ, «Гэкку» телеарнасының бұл әнді күніне он қайта беретіні тіптен сорақы. Сол сияқты патриоттық тамаша бір әндегі (әннің аты есімде жоқ): «Бұлқынды жүрек, бұлқынды, Тұлпарлар өрге ұмтылды» деген тамаша жолды көп әншілер: «Бұлқынды жүрек, бұлқынды, Тұлпарлар төрге ұмтылды» деп теріс айтып жүр. Тұлпардың төрде не шатағы бар? Бұл тіпті бар-жоғы тұлпарлар сөзін тырнақшаға ала салса, басшылық қызметтегі (төрдегі) ағаларымызды келекелеген ұғым беріп тұр (өнде онсыз да тырнақша білінбейді ғой).

Әншілеріміздің тағы бір қателігі – халық әндері мен халық композиторларының ән сөзінің бір жолын тастап кету немесе өз жанынан сөз қосу. Мысалы, Естайдың атақты «Қорлан» әніндегі:

«Ахау, арман, Ғұсни, Қорлан, Екі-ай бағылан, Екеуі туған екен бір анадан» деген қайырмасындағы «екі-ай бағылан» деген жолды көп әншінің не үшін алып тастайтынына таңғаласыз. Атақты әнші Ақжол Мейірбеков халық әні



Өлең деген дүниенің қара сөзден басты айырмашылығы, басты көркемдігі ұйқаста екенін бәріміз білеміз. «Бәріміз білеміз» деймін, қарапайым оқырман емес, әншілеріміздің ән сөзіндегі ұйқасты білмейтіні таңғалдырады. Құдай-ау, ұйқас жоқ болса несі ән сөзі, несі поэзия! Халық әнін айтатын көптеген әнші бірдің басы, бірдің аяғын бұтып-шатып айта береді

«Қыздар-ай»-ды айтқанда «Қатарымсың, теңімсің» деген жолдан кейінгі «Етегімсің, жеңімсің» деген жолды тастап кетеді. Мүмкін «етегімсің, жеңімсің» деген анайы естелетіндіктен қашып, сыпайыгершілік танытқаны шығар. Бірақ әзіл ән екенін естен шығармауымыз керек еді.

Енді жанына сөз қосатындарға келейік. Ақан серінің «Балқадия»-сын «Жігіттер» тобының орындауында:

«Кетті деп Балқадия естігенде, Құшақтап қара жерді, еңіреп жылағаным» деген жолдарды естігенде қайран әнді қор қылғаны үшін өзіңіздің еңіреп жылағыңыз келеді. Құдай-ау, бір ғасыр бойы айтылып келе жатқан «құс жастық» қайда?! Жарайды, Ақан төсекте жатып жыламаған-ақ болсын, «еңіреп» жылағанына жол болсын. Әйтеуір өзгерткен соң «еңіреп» емес, «өкіріп» деу керек еді. Ал мейлі опера әншілері болсын, мейлі басқалары болсын, Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» әнін орындағанда Әлібек Дінішевтен бастап барлық әнші неге жанынан сөз қосатынын түсінбейсіз. Абайдың өлең туралы өзі айтқандай буын саны бірдей, «айналасы тептегіс, жұмыр келген» «Айттым сәлем, Қаламқас» әніндегі:

«...Сағынғанда сені ойлап, Келер көзге ыстық жас, ...Бір өзіңнен басқаға, Ынтықтығым айтылмас» деген жолдарға «сағынғанда бір сені ойлап», «бір өзіңнен басқа жанға» деп артық бір буын қосады. Мүмкін опералық өнге тегіс жол келе бермейтін шығар. Онда басқа жанға демей-ақ, «басқаға» сөзін созып (басқа...ааа...ға) неге айтпайды деген ой туады. Ал домбырамен орындаушылар үшін бір буынды жанынан қосу мүлдем қисынсыз сияқты.

Өлең деген дүниенің қара сөзден басты айырмашылығы, басты көркемдігі ұйқаста екенін бәріміз білеміз. «Бәріміз білеміз» деймін, қарапайым оқырман емес, әншілеріміздің ән сөзіндегі ұйқасты білмейтіні таңғалдырады. Құдай-ау, ұйқас жоқ болса несі ән сөзі, несі поэзия! Халық әнін айтатын көптеген әнші бірдің басы, бірдің аяғын бұтып-шатып айта береді. Әсіресе әдетте төрт жолдан тұратын бір шумақтың бастапқы екі жолына келесі шумақтың 3-4-жолын қоса салады. Төртінші жолдың соңындағы ұйқастың сөз естен шығып кетеді. Негізі, соңғы екі жолын ұмытып қалғанда өлеңді құрылымды, ұйқас арқылы әрленетін көркемдікті естен шығарып, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп періп өтетін сияқты. Ондай мысалды ондап келтіруге болады. Бәрін тізуді мақа-

ланың көлемі көтермесе де, сөзіміз дәлелді болу үшін бірер мысал келтіре кетейік. Халық әндерін нақышына келтіре орындаумен көпшілік көңілінен шығып жүрген әншілеріміздің бірі Ардақ Балажанованың теледидардан:

«Қарайғанға қараймын қабан ба деп, Қамшылаймын атымды шабам ба деп,

Жерден алтын тапқандай қуанамын, Тақияңның төбесі көрінгенде» деп шырқағанын естідік. Бір сөзді өзгертіп айтса бір сәрі ғой. Танымал әншінің бірінші шумақтың 1-2 жолынан кейін екінші шумақтың 3-4 шумағын тіркеп айтқанына жол болсын. Сонда ұйқас қайда қалады? Дұрысы:

«Қарайғанға қараймын қабан ба деп, Қамшылаймын атымды шабам ба деп,

Өткеннен де сұраймын, кеткеннен де,

Қалқатайдың ауылы аман ба деп». Ардақ айтқан 4-жол «Тақияңның төбесі көрінгенде»-нің 1-жолы: «Бойым байсал тартады ерінгенде».

Сол сияқты халық әні «Бұрыл тайдың» бірінші шумағын Шаһизада Әбілов былай орындайды:

«Таңбасы жоқ, ені жоқ бұрыл тайдың, Сағасы өткел бермейді терең сайдың, Құба жонға шоқытып, шыға келсем, Қалқатайдың ауылы кеткен қайда?».

Қалқатайдың ауылы қайда кеткенін Құдай білсін, ұйқас қайда? Ән сөзінің мәтіні былай:

«Таңбасы жоқ, ені жоқ бұрыл тайдың, Сағасы өткел бермейді терең сайдың, Құба жонға шоқытып, шыға келсем, Жұрты жатыр, ауылы жоқ қалқатайдың.

Қамшы бастым асығып бұрыл тайға, Өткел бермей тоқтатқан терең сай ма?

Жұрт жаңғыртып орнынан бір күн түнеп,

Қалқатайдың ауылы кеткен қайда?» Әйгілі әншілеріміздің бірі Майра Ілиясованың концерт сайын айтатын сүйікті әні (әріне, халық та сүйіп тыңдайды) осы «Бұрыл тайдың» бірінші шумағын:

«Ені жоқ, таңбасы жоқ бұрыл тайдың, Сағасы өткел бермейді терең сайдың, Құба жонға шоқытып, шыға келсем, Өзі жоқ, жұрты жатыр қалқатайдың» деп айтады. Ауылы көшіп кеткенде қалқатай (қыз) жұртта қалмайды ғой.

Ал кей әншілеріміз әннің шумағын ауыстырмағанымен, ұйқаста тұрған сөздің орнын ауыстырып алады.

Ән сөзінің дұрыстығы жайлы бір хабарға қатысқан Рауан Әбілов деген жас әншінің:

«Тоқтаудақ дегенде тоқтаудақ, Тоқтаудақ жайылар көк қуалап, Сен есіме түскенде, беу, қарағым, Жата алмадым төсекте төрт домалап» деген халық әнінің ұйқаста тұрған «төрт домалап» тіркесін жолдың басына келтіріп, «Төрт домалап орнымнан тұра алмадым» деп не ұйқассыз, не мағынасыз бұрмалағанын тыңдап отырған өнер шеберлерінің ештеңе демегені қынжылтқан еді.

Қазақтың халық әні «Сары жез құман-ай»-дың қайырмасын әншілеріміз түгелге жуық:

«Сары жез құман-ай, Отта тұрғаны-ай, Көзіңнен айналайын,

Ашып-жұмған-ай» деп айтып жүр. Осы «көзіңді ашып-жұмған-ай» деген жолда бір шикіліктің бар екені айдан анық. Өйткені қазақ ұғымында көзін ашып-жұму деген сөздің баламасы «жыпық» қой. Жыпық сұлулықтың белгісі емес, жыпық қызды сұлу деп қалай айтпақпыз? Шынында солай болды. Аты кім екенін білмеймін, радиодан бір әншінің:

«Сары жез құман-ай, Отта тұрғаны-ай, Көзіңнен айналайын,

Ақыл тұнғаны-ай» деп орындағанын естідім. Қандай асыл сөз, қандай сұлу теңеу, қандай берік ұйқас! Кезінде бір әнші сөзін ұмытып қалғанда ұйқастырып, «көзіңнен айналайын ашып-жұмған-ай» деп айта салды да, халық арасына осылай тарап кеткен ғой.

Міне, осылайша бұл күндері әннен әр кетті. Көптеген «жұлдыз» әншілеріміздің өздері халық әндері мен халық композиторларының әуенінде де, сөзінде де бір мін жоқ қайран асыл әндерінің сөзінің сиқың кетіріп, сөнін қашырып жүр.

Боодаухан ТОҚАНҰЛЫ,
журналист

№26 (4614) 02/03/2024 Сенбі

(Соңы. Басы газетіміздің №25 санында)

Шетел тәжірибесіне келсек, қалдықты мемлекет жинамайды, ұйымдастырады. Бізде бұйрыққа сол компания өзі жинайтыны, өзі өңдеуі керектігі, бұл жұмысты атқаруға қажет құрылыстар болуға тиіс екені жазылған. Ал оны енді ешкім жүзеге асырмайтыны анық.

Лаура Мәлікованың айтуынша, дамыған елдерде қалдықты өртеу технологиясы әлдеқашан жолға қойылған. Мысалы, Дания мен Австрияда қалдықты жағу арқылы энергия алады.

Қазақстан қоқыс полигондарында бүгіндері 120 млн тонна қалдық жиналған. Астана полигонының бірінші ұяшығына жиналған қалдық – 4 млн тонна. Екіншісі де толып жатыр. Оның сұрыптау желісі 300 мың халыққа есептелген. Ал қазір халық саны – 1 млн 400 мың. Сондықтан бар қалдықты сұрыптап үлгермейді, салдарынан қалған қалдық полигонға кетіп жатыр. Оны жағудан басқа жол жоқ. Экологтың пайымынша, қаптама қалдық утильалым есебінен жиналып, қайта өңделуі керек. Басқа қалдықтар тариф есебінен өңделеді. Ай сайын төленетін 390 теңгенің 60%-ы тамақ қалдықтарын өңдеуге жұмсалып жатыр. Оны әкімдік ұйымдастырғаны жөн.

Лаура Мәлікова бір реттік пластик ыдыстарға тыйым салуды ұсынады.

«Ұлыбритания бір реттік пластиктерді шығаруға, қолдануға тыйым салып жатыр. Қағаз ыдыстарды да қолданбауымыз керек. Қағаз ағаштан шығады. Бір реттік пакеттерге де үзілді-кесілді тыйым болуы керек» деген пікірде.

АСТАНАЛЫҚТАР ҚАЛДЫҚ САТУҒА КІРСЕ МЕ?

Жуырда «Жасыл даму» АҚ EcoQolday автоматтандырылған жүйесін таныстырды.

«Қалдық жиналған кезде жеке немесе заңды тұлға мобильді қосымша арқылы жүйеге тіркеліп, жиналған қалдықты сататыны туралы өтініш қалдырады. Қалдық көлемі 30 кг кем болмауы керек. Одан әрі коллекторлар өз бағасын ұсынады және қалдық қалыптастырушыдан сатып алады. Коллектор ай бойы жинаған қалдық туралы деректі EcoQolday жүйесіне енгізеді және отандық қайта өңдеушілерге оны сататыны туралы хабарландыру жариялайды. Қайта өңдеушілер жиналған қалдықты сатып алу үшін баға ұсынады. Коллектор көңілінен шыққан сатып алушымен келісімшарт жасайды. Одан кейін жинаушы қалдықтарды тасымалдау жөнінде хабарландыру шығарады. Қалыптастырушы, яғни қалдық шығарушы тасымалдаушыны дербес таңдайды. Сонымен қатар қайта өңдеушіге дейін қалдықты жеткізу туралы шарт жасасады» деді «Жасыл даму» АҚ басқарма төрағасы Ержан Сәрсенбай.

Бір қызығы, халыққа жар салған жүйенің мобильді қосымшасы мен сайты 10 шақты күн өтсе де әлі іске қосылмай отыр.

Лаура Мәлікованың айтуынша, «Жасыл даму» АҚ ұсынған бұл жүйе екі жыл бұрын жасалған және жіті назар аударатын тұсы бар.

«Қаңтар оқиғасынан кейін EcoQolday жеке мекемеден «Жасыл дамуға» берілді. «Жасыл даму» – салалық министрліктің жанындағы мемлекеттік ұйым. Бірақ «Жасыл дамуға» өткен соң EcoQolday жобасы екі жыл тоқтап тұрды. Екі жыл бұрын Өндірушілердің кеңейтілген мәжілісіндегі (ӨКМ) жүйесіндегі проблемаларды талқылап, шешу жолын іздестірдік. Нәтижесінде аудиттің орнына цифрландыру енгізілді. Қалдықтарды жинаумен

ҚОҚЫСҚА КӨМІЛГЕН ҚАЛА

АТАНБАУДЫҢ АМАЛЫ БАР МА?

ҚАЗАҚСТАН ҚОҚЫС ПОЛИГОНДАРЫНДА БҮГІНДЕРІ

120 000 000

ТОННА ҚАЛДЫҚ ЖИНАЛҒАН

АСТАНА ПОЛИГОНЫНЫҢ БІРІНШІ ҰЯШЫҒЫНА

4 000 000

ТОННА

ОНЫҢ СҰРЫПТАУ ЖЕЛІСІ

300 000

ХАЛЫҚҚА ЕСЕПТЕЛГЕН



және қайта өңдеумен айналысатындардан талап етілетін 27-ге жуық құжатты 3-ке дейін азайттық. Қаптама қалдығын жинаушыларға берілетін төлем көлемін өсірдік. Енді ғана іске қосылып жатқан EcoQolday-дың операторы «Жасыл даму» қалдықтарды жинайтын, өңдейтін жобаларға Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы 3%-бен несиеленді. Егер Астанадан басқа қалалар сұрыптау желісін іске қосуға, контейнер қоюға несиеленсе, онда оның пайызы тарифке қосылады. Бұл – халықты қанау» дейді эколог. Оның пікірінше, экологиялық мәдениет бірден қалыптаспайды.

«Еуропада алты ай бойы қалдық сұрыптау бағытындағы ақпараттық жұмысты тоқтатып тастау арқылы эксперимент жүргізілген. Сонда жарты жылда жол бойында қалдық көбейе бастаған. Қоқыс қалдығын сұрыптауды қалыптастыру үшін халықпен тұрақты жұмыс істеу қажет. Бір жерге билборд іле салып халық қалдық сұрыптамайды деу дұрыс емес. Халық өзі сұрыптаған қалдықтың, шынымен де, өңделіп жатқанын көруі керек. Бір сәттегі мәселе. Сондықтан ақпараттандыру үздіксіз жүруі керек» дейді.

Тәжірибеші экологтар қауымдастығы мектеп бағдарламасына экология пәнін міндетті пән ретінде кіргенін қалайды. Бұрынғы ЖОО-да болған экология сабағы қайта жаңартылса дейді. Ең бастысы, Мемлекеттік қызмет істер агенттігіне Экология министрлігіне баратын қызметкерлер Экология кодексінен тест тапсыратын тәртіп енгізуді ұсынады.

КІМ КІМДІ АЛДАП ЖҮР?

Экологтар қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыруда ақпараттандырудың маңызы зор екенін ұдайы айтады. Бұл жұмыс осыдан екі жыл бұрын қарқынды жүргенін Астана қаласындағы №77 «Қошақан» балабақшасы тәжірибесінен көреміз. Балабақша меңгерушісі Ләззат Рахменованың айтуынша, 2019-2021 жылдар арасында балабақшалар мен мектептерде экологиялық

қалыптастыру бағытында жұмыс істелген. Сол кезде ӨКМ операторы ұйымдастыруымен мектеп мен балабақшаларда ерікті экокемпке өткен. «Сол кезде «Менің экомектебім» («Моя экошкола жизни») деген сайт болды. Өрқайсымызға сайтқа кіретін код берілді. Сайтқа істеген жұмысымызды көрсететін фото, видео жүктеп отырдық. Оны комиссия қарайды да, балл береді. Жұмысты көбірек істеген сайын ұпай көбейеді. Өңделетін шикізатты кім көп тапсырса, сол ұжымға ӨКМ операторы сертификат беретін. Мысалы, бізге 150 мың теңгенің сертификаты табысты, оған кітап бойынша қалдық көбейе бастаған. Қоқыс қалдығын сұрыптауды қалыптастыру үшін халықпен тұрақты жұмыс істеу қажет. Бір жерге билборд іле салып халық қалдық сұрыптамайды деу дұрыс емес. Халық өзі сұрыптаған қалдықтың, шынымен де, өңделіп жатқанын көруі керек. Бір сәттегі мәселе. Сондықтан ақпараттандыру үздіксіз жүруі керек» дейді.

Бүгіндері мұндай акция өтпесе де, «Қошақан» балабақшасы қалыптасқан дәстүрге сай қағаздарды бөлек жинап, қалдық өңдеушіге жеткізіп жүр.

Айтқандай, Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев 2023 жылы 19 желтоқсан күнгі Үкімет отырысында қоқыспен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыруға арнап балабақшадан университетке дейінгі оқу бағдарламасы дайындалғанын мәлімдеді. Кезекті брифингте министрден аталған бағдарлама туралы мол ақпарат алмақ мақсатында сұрақ қойдық. Министр аталған іс-шаралар жоспарын басқа министрлік (Оқу-ағарту министрлігі) дайындағандықтан, ол туралы ештеңе айта алмайтынын жеткізді. Ашық дереккөзден «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2023-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 шілдедегі №213 бұйрығымен бекітілгенін» анықтадық. Бірақ іс-шаралар жоспарының толық нұсқасы табылмады. Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметінің көмегіне жүгініп, жауап



«Еуропада алты ай бойы қалдық сұрыптау бағытындағы ақпараттық жұмысты тоқтатып тастау арқылы эксперимент жүргізілген. Сонда жарты жылда жол бойында қалдық көбейе бастаған. Қоқыс қалдығын сұрыптауды қалыптастыру үшін халықпен тұрақты жұмыс істеу қажет. Бір жерге билборд іле салып халық қалдық сұрыптамайды деу дұрыс емес. Халық өзі сұрыптаған қалдықтың, шынымен де, өңделіп жатқанын көруі керек. Бір сәттегі баса салып бүкіл мәселені шешіп тастау мүмкін емес. Бұл – күрделі мәселе. Сондықтан ақпараттандыру үздіксіз жүруі керек»

мардымды емес: «2020-2021 оқу жылынан бастап барлық жалпы білім беретін мектептерде жылына 9 сағат көлемінде сынып сағаттары Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп ауқымды экологиялық сынып сағаттарын өтетіні, 2021 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Жасыл мектеп» әлеуметтік жобасы» жайлы айтылған. Жыл да, жоспар да сәйкес емес. Сондықтан қалалық

3-4 мектепке хабарластық. Олар экологиялық білім беріп жатқан жоқпыз деп жауап қатты.

ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ ҚАНДАЙ?

Әдетте шешімін іздегенде шетел тәжірибесін де назарда ұстаймыз. Қалдықты қайта өңдеуде Оңтүстік Корея тәжірибесі көңіл аударарлық екен. Бұл елде қалдықтарды басқару туралы заң 1986 жылдан бері жүйелі жұмыс істеп келеді. Аталған заң 2007 жылға дейін 30 рет өзгертіліп, толықтырылған. Бұдан бөлек осы бағытта 10-ға жуық ереже мен жоба-жоспар жүзеге асқан. Дәл қазіргі уақытта қоқысты сұрыптаудың ең тиімді «Төрт жүйесі» жұмыс істеп тұр.

1. «Қоқыстың мөлшеріне қарай төлем жасау» жүйесі – қайта өңделмейтін қалдықтар мөлшерін азайтуға бағытталған. Кез келген тұрғын өзі шығаратын қоқыстың мөлшеріне қарай түрлі сыйымдылықтағы қоқыс қалтасын таңдайды және соған байланысты жергілікті атқарушы органға төлем жасайды.

2. «Сұрыптап жинау» жүйесі – бұл жүйе бойынша қоқыс қалталары қайта өңделетін және қайта өңделмейтін деп екі түрге бөлінеді. Төлем де қалталардың түріне байланысты жасалады.

3. «Заңсыздықты әшкерелегендерге сыйақы тағайындау» жүйесі – кез келген тұрғын белгіленбеген орынға қоқыс тастағандарды әшкерелеу арқылы сыйақы алады. Сыйақы мөлшері айыппұлдың 80 пайызынан аспауы керек.

4. «Қоқыс үйшіктері» жүйесі – қоқысты сұрыптап тастауға арналған арнайы контейнерлер және контейнерлер салынған машиналар маңызды орындарға, саябақтарға, балалардың ойын алаңы мен автотұрақтарға, демалыс орындарына орналасырылады. Қайда жүрсеңіз де «қоқыс үйшіктеріне» қалдықты сұрыптап тастауға мүмкіндік жасалған.

Оңтүстік Кореяда кейбір қаптамалардың сыртында оны қай қоқыс контейнеріне тастайтыны жайлы ақпарат беріледі. Ал қалдықты сұрыптамайтындарға

қатысты мәселені шешу үшін 2021 жылы айыппұлға қатысты жаңа саясат енгізілді: қоқыс сұрыптамаған адамға салынатын айыппұл 100 000 воннан (33 700 теңге) 1 миллион вонға (337 000 теңге) дейін өсті.

Қоқыс полигондарын саябаққа айналдырған Латвия тәжірибесі де назарымызға ілікті. «URDA» табиғи-технология саябағы (қалдықтар полигоны) бүгіндері экологиялық білім беретін орталыққа айналған. Онда қалдықтардан арнайы музей ұйымдастырылған. Латвияда студенттерімен бірге тәжірибелік іссапарда болған Гүлмира Сатыбалдиеваның пікірін бірге оқиық. Ол – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Экология кафедрасының меңгерушісі.

«Қазақстанның қоқыс полигондарында қоқыс үйінділері алыстан мәнмұдалап тұрады, жан-жаққа ұшып жатқан қағаз бен полиэтилен пакеттерінен көз ашпаймыз. Айналасында ұшып жүрген құс та, кеміргіштер де кездеседі. Жанынан көлікпен өткенде жағымсыз иіс қолқаны қабады. Ал Латвиядағы «URDA» саябағын қалдық полигоны деуге қимайсыз. Құс қондырмауы үшін арнайы дыбыс шығаратын құрылғы орнатылған, жерасты суын лақтамау үшін арнайы төсем төселген, қоқыстар жан-жаққа ұшпауы үшін арнайы материалмен жабылған және оның түсі жасыл болғандықтан көзге оғаш нәрсе байқалмайды. Жиналған жауын-шашын суын тазалайтын құрылғы да орнатылған. Бұл мекемеде бүкіл қалдық сұрыпталып, жинақталып, келесі кәсіпорынға шикізат ретінде сатылымға дайын тұрады» дейді ғалым.

МӘСЕЛЕНІ ШЕШІМІ ТАБЫЛА МА?

Жер шарының «өкпесін қабындырып», жағдайын нашарлатып жатқан фактор өте көп. Соның бірі – қалдықтың қайта өңделмеуі адамзат қолымен жасалып жатыр. Ертеректе көшпелі өмір салтын ұстанған аталарымыз көшіп бара жатып жұрттына қағылған қазықты да қалдырмай, суырып кетіп отырған екен. Онысын «Жер бауыры сыздайды» деген бір ауыз сөзбен түсіндіре салған. Ал біз жүрген-тұрған жерімізге ыдыраса зардабы мың жылға дейін қалатын қоқысты ойланбай тастай саламыз. Сондықтан бұл мәселенің ең негізгі шешімі адам санасына байланысты. Әр адам мейлі ол қызметте, мейлі, ол үйде жүрсін, Жер-ана алдындағы құрметі мен жауапкершілігін сезінсе, көп мәселенің түйіні шешіледі. Ал атқарушы билік не істей алады?

Бұл орайда біріншіден, жүйелі, тұрақты ақпараттандырудың маңызы зор. Бұқаралық ақпарат құралдарына берілетін мемлекеттік ақпараттық тапсырыс аясында қоқыс қалдықтарының қайта өңделуі туралы материалдар жарияланып тұрса...

Екіншіден, Астанадағы жалғыз қоқыс өңдеу зауытының мәселесіне бей-жай қарамай, жетілдіруге инвестиция тарту; Қалдық өңдеу зауыттарының жылдық қуатын арттыру мәселесіне көңіл бөлу.

Үшіншіден, утильалым арқылы қалдық жинаушы мекемелер мәселесіне назар аудару; Олардың жабылуы қалдықтың тасымалдаусыз қалуынан бөлек, жұмыссыздық мәселесін туындататынын ескеруіміз керек.

Төртіншіден, қалдық сұрыптау мәдениетін қалыптастыру үшін ынталандыруды қолдау, қоқыс қалдығы үшін төлемге жеңілдік қарастыру;

Бесіншіден, қоқыс салынған дорбаны контейнерге салуға ерініп, көше бойына, тұрғын үйлер дәлізінде тастап кететіндерге айыппұл салынған жағдай туралы тұрғындарға хабарлап отыру.

Майгүл СҰЛТАН

ЗЕРДЕ

КЕУДЕСІ АЛТЫН САНДЫҚ АҒА ЕДІ...

Осы бір көп сөйлемей, көп тыңдайтын жігіт ағасын алғаш кездестіргенде түсіне алмай жүрдім. Сенің айтқан сөзіңді ұната ма, ұнатпай ма, тыңдап отыр ма, жоқ па, белгісіз. Жүзінен ешнәрсе оқи алмайсың, ешқандай эмоция білінбейді. Көп тыңдайды, аз сөйлейді, бірақ саз сөйлейді. Мен Ақтөбе облысында біраз жыл қызмет етіп елге келгенімде, Сағындық аға Қыдыров аудандық электр желілері мекемесінің басшысы екен. Мен аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының құрылыс бөліміне орналастым, аудандағы жиналыстарда жиі кездесіп қаламыз.



Кейін сұрастырып білсем, ол кісі біздің Қызылқұм (Отырар) ауданындағы тұңғыш жоғары білімді энергетик екен. Сағындық аға кешегі сұралы соғыс қарсаңында қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Үлкен ағасын шағынан қазыналы қарттығына дейін кіндік кескен жерінен мүлдем ажырамаған ағамыздың тағдыр-талайы да, дәм-тұзы да, бақытты да бақуатты өмірі де туған топырағымен біте қайнасып жатыр. Балалары сонау бір заманда Кенесары жасағына еріп Арқадан Сыр бойына келіп, орнығып қалып қойған деп өзі әңгімелеп отырушы еді.

1957 жылы Арыстағы орта мектепті үздік бітіріп, арман қуып, Ташкенттегі Орта Азия политехника институтына энергетика мамандығы бойынша оқуға түседі. Бес жылдан кейін оқуын қызыл дипломмен аяқтап, еңбек жолын Самарқандағы Орта Азия газ магистралінен бастайды. Екі жылдан кейін жас маман Шымкенттегі ғана емес, Одақтағы алып өндіріс – фосфор зауытына подстанция басшысы болып ауысады. Білікті маманға тез арада қала орталығынан пәтер беріледі. Ол жерде топ-туір қызмет істеп жүре беруіне болар еді. Бірақ ауылда тұратын қартайған әке-шешесінің жай-күйі ой-анасынан кетпей, оның үстіне туған жерінде мүмкіндік бола тұра, білікті мамандар жетіспегендіктен, біртұтас электр желісі қосылмай тұрғаны, үлкен ауылдардың өзі дизель моторымен сағаттап қана жарық жағып отырғаны да қабырғасына батып, Шәуілдірге жұмысын ауыстырып, Ақтөбедегі ата-анасын қолына көшіріп алды. Ол кезеңде Отырар ауданында энергетика саласы енді ғана қарқын ала бастаған-ды. Сағындық аға аудандағы ең алғашқы жоғары білімді инженер-энергетик маман болып, осы саланың дамып-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқанын, шалғайдағы малшы ауылға дейін жарық жеткізгенін отырарлықтар ешқашан ұмытпайды. Он жылдан астам жемісті басшылық жасаған аудандық электр желілері мекемесін қуатты, үлкен ұжымға айналдырды. Тұңғыш ауатком төрағасы Дүйсенбай Алтынбеков осы өңірде канал қаздырып, тіршілік нәрін әкелсе, Сағындық Қыдыр электр желісін тартып, жарық пен жайлылық жеткізді деп айтады жерлестері.

Осыдан бір жыл бұрын, 85 жасқа қараған шағында фәниден бақиға аттанған ел ардақтысы – «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері, Отырар ауданының құрметті азаматы Сағындық Қыдырұлы ағамыздың сан түрлі қыры бізді таңғалдырады. Тарихқа аты ойып жазылған киелі Отырар жерінің тарихы мен этнографиясын зерттеуге елеулі үлес қосқан қаламгердің жазу мен ойлау қуаты да айрықша еді

мерзімді басылымдарда үзбей, тұрақты түрде жариялап отырды.

Осыдан бір жыл бұрын, 85 жасқа қараған шағында фәниден бақиға аттанған ел ардақтысы – «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері, Отырар ауданының құрметті азаматы Сағындық Қыдыр

ұлы ағамыздың сан түрлі қыры бізді таңғалдырады. Тарихқа аты ойып жазылған киелі Отырар жерінің тарихы мен этнографиясын зерттеуге елеулі үлес қосқан қаламгердің жазу мен ойлау қуаты да айрықша еді

ұлы ағамыздың сан түрлі қыры бізді таңғалдырады. Тарихқа аты ойып жазылған киелі Отырар жерінің тарихы мен этнографиясын зерттеуге елеулі үлес қосқан қаламгердің жазу мен ойлау қуаты да айрықша еді. 2020 жылы жарық көрген «Өмір өткелдері» және 2023 жылы басылып шыққан «Асулар» атты екі кітабы – осының нақты дәлелі. Соңында қалған қолжазба мұрасын жинақтап, ұрпақтары тағы бір кітапты бастаға тапсырыпты. Ең бастысы, Отырар өңірінің кешегі қызыл империя тұсында айтылмай, тасада қалып ақтандарға айналған оқиғалары мен тұлғалары

таппау теңеуі бар, «дардан қашқандар» дейтін, солар істейді бірен-саран болса да деп. Жүгері науқаны кезінде облыстан жоғары тонналық 40-50 автомашина көмекке келеді. Басы-қасында жүреліз Сәкенмен бірге. Бір күні айттым Сәкенге: «Бұл автобаза мекемесінде дардан машинамен қашатындар істей ме, мынау не пәле?» дегенімде, Сәкен сәл жымия күліп: «Шәке, олар машинамен жүрген соң, енді жаяу қаша ма?» деп қарап тұр. Ашуланып тұрған басым, еріксіз күліп жібердім. Ешуақытта қарамағындағы қызметкерге дауыс көтеріп сөйлегенін көрмеймін. Тағы бір байқағаным, облыстан

тапқаны, оның үстіне қонақжайлылық арқылы қазақи рухты көтеруге үлес қосқаны. Күндегідей емес, түнгі 3-4-тер шамасында жүгері тасылып бітті. Обалы не керек, совхоз директоры оншақты күнде бір рет қонақтарды күтіп, жұмыс қарқыны арта бастады. Кейіннен жүгері жинау науқанын сырттан көмек шақырмай-ақ Сәкен басқаратын автобаза күшімен атқаратын күнге де жеттік.

Сағындық ағаның қазақи, адами қасиеті де өте жоғары еді. Мынадай бір жағдай орын алды. Менің бір сыныптас досым жас кезінде өмірден өз орнын таба алмай, соққы жеп мазасы болмай жүрді. Сол жігітті Сәкен жүргізуші етіп алып, тәрбиеледі. Ретін тауып, түзу жолға сала білді. Бір күні маған досым келіп тұр. «Аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, бюро мүшесінің, яғни толыққанды аудан басшыларының бірісің. Маған өкім шығарып бер, Қыдыровка тапсыр, менің айдауымдағы автомашинаны кешке гаражға қоюдан босат» дейді. «Досым-ау, ол мекеменің ішкі тәртібі бар, оған араласуға менің құқығым жоқ, бұл қызмет бабын асыра пайдалануға жатпай ма? Бұл қылым қой» десем, түсінгісі келмейді. «Онда мен бағы жолыма түсемін» деп қорқытады. «Мен қазір С.Қыдыровпен сөйлесейін, босатады» десем, «ол айтқаның ері кетсе бір аптаға жетеді, сосын машинаны қайта гаражға қамайды» дейді.

Содан тәуекел деп, өкім жазып, қол қойып, досымның қолына бердім. Ол кешке келді «ракет», машина шешеді. Бір күні оңашада маған айтып «қонақ шоферлердің қарны ашыңқырап жүрген сияқты, совхоз директорымен сөйлесейін» деді. Сәкен өзінің директорымен сөйлескені жөнінде бола ма, сіз сөйлескеніңіз дұрыс па дегенді тікелей айтпастан, астарлап, қазақи дәстүрмен маған жеткізіп тұр. Не деген дипломатия! Жасым кіші болса да, қызметімді сыйлап, маған өнеге, ұлағат көрсетіп тұр.

Совхоз директоры Әлмахан Қошаманов аңқылдаған таза қазақи көңілдегі, кеңпейіл жігіт еді. Бірадан соң келді. Мен Сәкеннің салған жолымен директор мырзаға «мына қонақ жігіттер қалай істеп жатыр, тасымалдап үлгеріп жатыр ма?» деп едім. «Шәке, бәрі дұрыс, мен түсіндім, қонақжайлылығымызды ол жігіттерге көрсетеміз» деді. Сол күні түн жарымында бір қойын сойып, таңға жақын тасымал біткен соң, шоферлерді қонақ етіп күтті, ертеңінде бәрі көңілді, «жұмыс бар ма, жүгері қайда таситын?» деп жұлықынып тұр. Бұл да жұмыстың әдісін

келген 40-50 автомашинамен жұмыс ұйымдастыру да оңайлыққа түспеді. Кейде мен шйдай алмай ашулана бастасам, «Шәке, мен өзімізше сөйлесейін» деп басшылары оңаша алып кетеді де, мәселені оңаша шешеді. Бір күні оңашада маған айтып «қонақ шоферлердің қарны ашыңқырап жүрген сияқты, совхоз директорымен сөйлесейін» деді. Сәкен өзінің директорымен сөйлескені жөнінде бола ма, сіз сөйлескеніңіз дұрыс па дегенді тікелей айтпастан, астарлап, қазақи дәстүрмен маған жеткізіп тұр. Не деген дипломатия! Жасым кіші болса да, қызметімді сыйлап, маған өнеге, ұлағат көрсетіп тұр.

Шалатай
МЫРЗАХМЕТОВ,
мемлекет және қоғам
қайраткері

Сәулесін шашып, мейірімін төгіп тұратын жақсы адамдар қасымызда баршылық. Сондай жақсы жанның бірі – жуырда Бауыржан Момышұлы даңғылындағы №7 көпқабатты үйдің мүлік иелері бірлестігінің (МИБ) төрағалығына сайланған Рүстем Сейітұлы Шаруанов.

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

«Жүзі жылыдан түңілме» демекші, әрқашан күлімсіреп жүретін Рүстем ақсақал жасы жетпісті арқалап қалса да, қара жұмыстың қадірін түсірмей, еңбек етуден жалықпаған.

Өзі Бауыржан Момышұлы даңғылындағы №23 үйдің МИБ төрағасы болып 3-4 жылдай қызмет етіп, өткен жылы «енді демалайын, орнымды жастарға берейін» деген шешімге келгенде, №7 үйдің Марат Жұмашұлы, Боранбай Бағытұлы мен Мақсұт Мейрамұлы бастаған белсенді азаматтардың сұранысын жерге тастамай, осы жұмысты қолға алған екен. Үй тұрғындарының да мұндай қадамға баруының себебі үй жергелесінде орныққан инженерлік жүйенің, жылу, су құрылғыларының апатты жағдайы еді. Сол кезде ПИК бастығы, бертіңде МИБ жетекшісі болған Қанат Сәдуақасов инженерлік жүйенің жұмысын жетік меңгерген маман болса да, қаржы көзін дұрыс пайдалана алмай, тозығы жеткен құбырларды, жылу алмастыру (теплообменник), гидробак сынды қондырғыларды ауыстыруды созбақтап, тұрғындардың ренішін тудырған болатын. Ақыры белсенді азаматтар істі қолға алып, тұрғындар жиналысын ашып, кеңес құрып, іске кірісті. Сол жылы Рүстем Сейітұлы МИБ төрағасы етіп бекітті. Бірақ инженерлік жүйе жұмысынан хабары бар Қанат Қадірұлы отбасы жағдайына байланысты инженер міндетін атқаратын болды.

Рүстем ақсақал айналасындағы топтасқан белсенді азаматтардың қолдауымен біраз жұмыс тындырды. Қақаған қыстың ортасында ағаш тығындыларымен «шықпа, жаным, шықпа» болып шыдас беріп тұрған шіріген су құбыры, жылу ауыстыру құрылғысын, су қысымын ретке келтіретін гидробак қондырғысын жаңартып, тұрғындардың үрейін сейілтті. Тұрғындар да апатты жағдайдың қаншалықты күрделі екенін түсініп, қаржылай көмек көрсетті.

Өз-өзіне сенімді Рүстем ақсақал: «Ендігі міндет – белсенді топтың ұсынысын қолдап, үйіміздің бүкіл инженерлік торабын күрделі жөндеуден өткізу, әсіресе қайта-қайта тесіле беретін, 23 қабатқа созылған орталық су құбырын жөндеу, үйдің қасбетін жөнге келтіру» дейді. «Қыруар қаржыны талап ететін бұл жұмыстарды еңсеру оңайға түспес...» деген ойымызға ақсақал: «Бұл жұмыстардың орындалатынына сенімдімін. Әзірге көпшілік өздерінің меншік иелері екенін толықтай түсіне қойған жоқ. Бұл бағытта кеңес мүшелері жақсы жұмыс істеп жатыр. Жұмыс барысында тұрғын-

дардың психологиясы өзгеріп, белсенді топтың бастамасын әлі-ақ қолдап кетеді» деп жауап қатты.

Замандасымның сенімділігіне риза болып, мұндай мінездің түп тамырына тереңнен үңілдім. Ол жастайынан алдына қойған мақсатын жауапкершілікпен орындауға дағдыланған екен. Өткен ғасырдың 70-жылдары Отан алдындағы боршын өтеп келген соң, Арқалықтағы педагогика институтының физика-математика факультетіне түсіп, студент бола жүріп, 2-курсдан бастап электротехника-радиотехника кафедрасында лаборант болып жұмыс істепті. Ал институт бітірген соң, сол оқу орнында оқытушы-лаборант болып еңбек жолын бастапты. Екі жылдай ұстаз болып, аспирантураға түсемін деген талпынысы іске аспаған соң, бұл жұмыстан бірден қол үзіп, «Қостанайэнерго» мекемесіне электрик болып жұмысқа орналасыпты. Бұл дұрыс шешім болған болу керек, араға жыл салып, жазғы демалысын пайдаланып, гидробак сынды қондырғыларды ауыстыруды созбақтап, тұрғындардың ренішін тудырған болатын. Ақыры белсенді азаматтар істі қолға алып, тұрғындар жиналысын ашып, кеңес құрып, іске кірісті. Сол жылы Рүстем Сейітұлы МИБ төрағасы етіп бекітті. Бірақ инженерлік жүйе жұмысынан хабары бар Қанат Қадірұлы отбасы жағдайына байланысты инженер міндетін атқаратын болды.

Рүстем ақсақал айналасындағы топтасқан белсенді азаматтардың қолдауымен біраз жұмыс тындырды. Қақаған қыстың ортасында ағаш тығындыларымен «шықпа, жаным, шықпа» болып шыдас беріп тұрған шіріген су құбыры, жылу ауыстыру құрылғысын, су қысымын ретке келтіретін гидробак қондырғысын жаңартып, тұрғындардың үрейін сейілтті. Тұрғындар да апатты жағдайдың қаншалықты күрделі екенін түсініп, қаржылай көмек көрсетті.

Өз-өзіне сенімді Рүстем ақсақал: «Ендігі міндет – белсенді топтың ұсынысын қолдап, үйіміздің бүкіл инженерлік торабын күрделі жөндеуден өткізу, әсіресе қайта-қайта тесіле беретін, 23 қабатқа созылған орталық су құбырын жөндеу, үйдің қасбетін жөнге келтіру» дейді. «Қыруар қаржыны талап ететін бұл жұмыстарды еңсеру оңайға түспес...» деген ойымызға ақсақал: «Бұл жұмыстардың орындалатынына сенімдімін. Әзірге көпшілік өздерінің меншік иелері екенін толықтай түсіне қойған жоқ. Бұл бағытта кеңес мүшелері жақсы жұмыс істеп жатыр. Жұмыс барысында тұрғын-

Манат ӘДІРЕШЕВ,
Астана қаласы,
Бауыржан Момышұлы
даңғылы, №7 үйдің
тұрғыны, зейнеткер

ТУҒАН ЕЛГЕ ТАҒЗЫМ

Елордадағы «Жастар» театрында Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының, «Руханият» мекемесінің ұйымдастыруымен ақын, жазушы, журналист, ҚР Мәдениет қайраткері Есенгелді Сүйіновтің «Жайнай бер, туған елім» атты шығармашылық кеші өтті.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қала жұртшылығын, жастарды қаламгердің шығармашылығымен тереңірек таныстыру мақсатында өткен бұл кездесуге ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, ҚР Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының өкілдері, сондай-ақ ақындар мен жазушылар, театр актерлері, жастар қатысты. Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Исламбек Досжан Астана қаласы әкімінің құттықтау хатын кеш иесіне тапсырса, ҚР Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының төрағасы Дәулеткерей Кәпұлы одақтың құттықтау хатын оқып, қаламгерге шығармашылық табыс тіледі.

Есенгелді Сүйіновтің есімі оқырман қауымға қаламы жүйрік журналист, ақын ретінде жақсы таныс. Оның өмірдің өзекті мәселелерін арқау еткен мақалалары, публицистика, эссе, сұхбаттары республикалық басылымдарда жиі жарық көріп жүр. «Күңгір тау құпиясы»,



«Арайлы таң», «Тербеген теңіз әлди» сынды кітаптардың авторы.

– Бұл шығармашылық кешті халық алдындағы есеп беруім деп санаймын. Кеште сиясы кеппеген өлеңдерім де

оқылды. Жалпы қазірге дейін әр жанрада жазған 6 кітабым жарық көрді, «Сүйемін сені» жыр жинағын баспаға ұсындым, бұйырса, жақында жарық көреді, – деді кеш иесі.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ – «БАЛҒЫН ДАУЫС»

Фариза Оңғарсынова атындағы елордалық №77 мектеп-гимназияда белгілі журналист, ақын, дипломат, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР ақпарат саласының үздігі Гүлсім Еңсепованың «Балғын дауыс» кітабы таныстырылды.

Балаларға арналған жаңа кітапқа Гүлсім Бақытқызының жарты ғасырдай уақыт бұрын оқушы кезінде жазған балауса өлеңдері, әңгімелері және күнделігі енген. Бір қызығы, «Балғын дауыс» деп аталатын кітапшаны ол мектепте 5-6-сыныпта оқып жүргенде қолмен жазып, екі дана кітап етіп, жіппен тігіп, түптеп, бір данасын әпкесіне сыйлаған. Ал екінші данасын өзінде сақтаған. Кітаптағы өлеңдердің көпшілігі сол кезде

аудандық газеттен бастап республикалық «Қазақстан пионері» газетінде жарық көрген. Бала қиялымен шағын поэма да жазыпты. Гүлсімнің сол балалық шақтағы осы өлеңдерін жазуына атақты ақындар Фариза Оңғарсынова мен Қуандық Шаңғытбаевтың поэзиясы ықпал еткен екен.

Жинақтың алғысөзін жазушы, «Дарын» мемлекеттік жастар және «Айбоз» ұлттық сыйлықтарының лауреаты Айгүл Кемелбаева жазған.

Тұсаукесерде Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия директоры Нұрлан Исаков авторды құттықтады. Белгілі балалар ақыны Нұрлан Қалқа Гүлсімнің шығармашылығына, өмір жолына ерекше тоқталды. Ол Фариза Оңғарсынова жөнінде ғылыми монография жазған ғалым екенін тілге тиек етті. Мемлекеттік қызметте жүріп, шығармашылығына да уақыт тауып, бала кездегі арманын алақанға қондырғаны қазір-

гі оқушыларға үлгі екенін айтты. Мектеп оқушылары сахнада қатар тізіліп Гүлсім Бақытқызының туған жерге, анаға, табиғатқа деген сүйіспеншілігінен туған балғын кездегі өлеңдерін нақышына келтіріп, мәнерлеп оқыды. Кітап авторы өнерін ортаға салған дарынды балаларға кітабын сыйға тарту етті.

Жұлдыз ТОЙБЕК,
ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі

ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫНДА ТОП ЖАРДЫ

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында ақын, ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларын оқушылар арасында насихаттау мақсатында ІІ республикалық «Шәкәрім оқулары» байқауының қалалық кезеңі өтті.



Ұлттық академиялық кітапхана ұйымдастырған сайысқа қала мектептерінің 5-8-сынып оқушылары, жалпы 30 үміткер қатысты. Байқауға зерттеуші ғалым, Абай мен Шәкәрім шығармаларын түрік және орыс тілдеріне аударған Бақтияр Бутеев, ақын, халықаралық «Шабьт» фестивалі мен Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты Серік Сейтман қазылық етті.

Қорытындысында №73 мектеп-лицейдің 5-сынып оқушысы Едіге Қылымбекұлы жеңімпаз атанып, республикалық байқауға жолдама алды. I орынды Қ.Мұхамедханов атындағы №90 гимназияның 6-сынып оқушысы Мұратбек Нұрқайыр, II орынды Ф.Орманов атындағы №7 мектеп-гимназияның 5-сынып оқушысы Нұрай Асқарқызы, III орынды №42 орта мектептің 6-сынып оқушысы Арайлым Базарбаева иеленді.

Қазақтың біртуар ұлы, ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай елордалық студенттер мен оқушылар арасында «Ұлы тұлғалар келбеті» атты сурет салу байқауы өтті. Оған 80-нен астам өнерлі жас қатысты. Байқаудың қазылар алқасы елге танымал суретшілер, өнер қайраткерлері болды.

СӘКЕННІҢ ІЗБАСАРЛАРЫ СУРЕТ САЛДЫ

Сайыс қорытындысы бойынша 1-орынды С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенті Камила Маукен иеленіп, дипломмен және 30000 теңге сыйақымен марапатталды. 2-орынға екі қатысушы – «Шабьт» колледжінен Аружан Қожабергенова және С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінен Жансая Тұрар ие болды. Оларға диплом және 20000 теңге сыйақы табысталды. 3-орынды бөліскендер – «Тұран Астана» университетінің студенті Рамазан Набиев, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенттері Камила Ақентаева мен Рахат Баталов. Олар арнайы дипломмен 15000 теңгені жеңіп алды.

Сондай-ақ байқауға қатысқан оқушылар арасынан жүзден жүйрік шыққан талабы таудай оқушылар бар. 1-орынды

иеленген Қоянды ауылы №2 орта мектеп оқушысы Аяулым Омарбекқызына диплом және 5000 теңге сыйақы табысталса, 2-орынға лайықты деп танылған №60 мектеп-лицейінің оқушысы Айкүн Ержанқызына дипломмен 4000 теңге табыс етілді. 3-орынды жеңіп алған №87 мектеп-гимназия оқушысы Саид Тнеев дипломмен және 3000 теңге сыйақымен марапатталды. 20000 теңге сыйақымен қоса Асқар Сәрсенбеков атындағы арнайы жүлдеге Қоянды ауылы №2 орта мектебінің оқушысы Айдамира Тұрар лайықты деп танылды. Сурет өнерінде бағын сынаған бірнеше елорда студенті алғыс хатпен марапатталды, сондай-ақ, осы байқауға қатысқан барлық қатысушыға арнайы сертификат табыс етілді.

Гүлден ЕРБОЛҚЫЗЫ



Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық ФИЛАРМОНИЯ РЕПЕРТУАРЫ

- | | |
|--------------------|---|
| 1
19:00 | «РОМАНС КЕШІ»
ҚР еңбек сіңірген қайраткері Азамат Жылтырқозовтің концерті
Классикалық вокал әншілері
ФЛАРМОНИЯ КІШІ ЗАЛЫ, Абай д-лы, 29 |
| 6
19:00 | «ӘЙЕЛДЕР БЕЛЕСІ»
Симфониялық оркестр
ҚАЗҰҒУ ОРҒАН ЗАЛЫ, Жәніс д-лы, 33 |
| 14
19:00 | «ТАЛ БЕСІКТЕН - ЖЕР БЕСІККЕ»
Камералық хор
«АСТАНА ОПЕРА» театрының К.Байсейітова атындағы Камералық залы |
| 14
19:00 | «СӨЛ БІР КЕЗ»
«Сарыарқа» халық музыка ансамблі
Эстрадалық вокал және халық әні бөлімінің әншілері
АЛЕМ заманауи би балеті
ФИЛАРМОНИЯ КОНЦЕРТ ЗАЛЫ, Кенесары к-сі, 32 |
| 15
19:00 | «НАУРЫЗ АЙЫ ТУҒАНДА»
Эстрадалық вокал және халық әні бөлімінің әншілері
«Қаркыт» этно ансамблі, «Шалқыма» халық би ансамблі,
ФИЛАРМОНИЯ КОНЦЕРТ ЗАЛЫ, Кенесары к-сі, 32 |
| 16
17:00 | «ЖЕТІСУ ӘУЕНДЕРІ»
«Қаркыт» этно ансамблі
Эстрадалық вокал және халық әні бөлімінің әншілері
ФИЛАРМОНИЯ КІШІ ЗАЛЫ, Абай д-лы, 29 |



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №26

Баспаханна: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ